

П И О Н Е Р




ЯНВАРЬ

1950 ЖЫЛ

№ 1

АМАТЫ



И. Сталин жолдастың туғанына 70 жыл толуына байланысты Үлкен театрда болған салтанат. Москва пионерлерінің делегациясы И. В. Сталин жолдасқа гүл әкеліп тұр.

ШЫН ЖҮРЕКТЕН

Товарандай әркім шәт
Туған күнін өзінің.
Пионер горны санқылдан,
Жеткізді адалға өз үйін.

Күшарың жайың ұлы адам
Топ бәбекке қарады.
Кеудеге сыймай әр жүрек
Шаттықтан дүпкіл қарады.

Қуттықтап ұлы әкесін
Гүл ұсынды балалар.
Көруден көсем дидарын
Асқан бақыт қайда бар!

— Сіз әперген балалық —
Біздің дәурен тамаша!
Бағымыз үшін, — деді олар, —
Ұлы әкеміз, көп жаса!

Мұсафар ӘЛІМБАЕВ.

КӨСЕМГЕ ХАТ

Бүкіл совет халқы, бүкіл жер жүзінің еңбекшілері дүниедегі ең ардақты, ең аяулы адам, өздерінің ең жақын досы, ұстазы, көсемі Иосиф Виссарионович Сталиннің жетпіс жасқа толған күнін зор мереке етіп өткізді. Ұлан байтақ Отанымыздың жер-жерінен, шет елдерден ұлы адамның есіміне мыңдаған кұттықтаулар, хаттар, сыйлықтар келді. Көсемге деген көптің тілегі біреу ғана болды:

— Қымбатты көсеміміз және ұстазымыз, халықтардың бақыты мен қуанышы үшін көп жасап, ұзақ өмір сүріңіз!

Жетпіс жасқа толуына байланысты, СССР Жоғарғы Советінің Президиумы Иосиф Виссарионович Сталин жолдасты Ленин орденімен наградтады. «Халықтар арасында бейбітшілікті нығайту үшін» халықаралық Сталиндік сыйлықтар белгіледі. Бұл хабарды совет адамдары және бейбітшілік жолында күресуші бүкіл дүниежүзі еңбекшілері зор қуанышпен қарсы алды. Өздерінің бақыты үшін күрес жолында біріккен бүкіл дүниежүзінің қарапайым адамдары И. В. Сталин жолдасты туған әкеміз деп таныды. Венгрия еңбекшілері партиясының басшысы Матнас Ракоши И. В. Сталин жолдастың 70 жасқа толуына арналған салтанатты кеште:

— Кәзірде тек Совет Одағында ғана «Біздің туған әкеміз» деп айтып жүрген жоқ, венгер жұмысшылары мен шаруалары да Сталин жолдасты өздерінің «Туған әкеміз» деп атайды. — деді.

Мерекес күндері Совет Одағының комсомолдері мен комсомолкалары, пионерлері мен пионеркалары, барлық жастары халықтардың ұлы көсемі, өздерінің сүйікті ұстазы, досы И. В. Сталин жолдасты хат жазып, шексіз сүйіспеншілік және алғыс сөздерін жолдады. Совет жастары өздерінің ұлы ұстазын туған күнімен кұттықтап, совет халқының игілігіне, бүкіл

дүниежүзі еңбекшілерінің бақытына сау-сәлемет болып, көп жылдар жасауын тіледі.

Бұл хатта Совет елінің мыңдаған жас патриоттары көсемге деген ізгі тілегін, шып жүректен шыққан өй-сезімін білдірді.

Жол аштыңыз, Сталин жолдас, шат өмірге
Жастарға гүл жайнаған елімізде.

Шабыттанып кұрудан коммунизм

Тамаша, қымбат мақсат жоқ бізде өзге!

Ұлан байтақ еліміздің ұлдары мен қыздары И. В. Сталин жолдасқа шып берілгендігіне, барлық істе партияның жолымен жүруге ант етті:

Халықтың қасиетті бақытынан,

Бақыт жоқ жастық шаққа асқан оған.

Берікпіз, жәк біздердің аярымыз —

Отаннан, Сталиннен, партиядан!

Комсомолдың VIII съезінде И. В. Сталин жолдас еліміздің жас ұрпағы алдына «кұрылыс жасау үшін, білу керек, ғылымды меңгеру керек, ал білу үшін, оқу керек» деп міндет қойған. Көсемге арналған хатта совет жастары бұдан былай да ғылымды қажырлылықпен үйренуге, білімді молайта беруге ант етті.

Жас достар, ұлы адамға арналған бұл хатқа сендер де қол қойғансыңдар. Сондықтан хаттың әрбір сөзі сендердің сәби жүректеріңнен шыққан адал уәде — пионерлік сөз.

Совет жастары көсемге берген уәдесін аброймен орындау жолында күш-жігерін, білімін аямайды. Қасиетті уәдені аброймен орындау үшін ғылым негіздерін қажырлылықпен меңгеру, өтпінше оқу — жас пионерлердің басты борышы.

Сталин! Ең сүйікті ұлы әкеміз.

Истық сөзбен ұл-қызың ант етеміз.

Сталин мен партияның ізгі сөзін

Арменен, аброймен ақтаймыз біз!



Ұлы Октябрь революциясынан адам баласының жаңа тарихы басталатыны біздің оқушы, пионерлерімізге мәлім. Содан бергі 33 жылдың ішінде дүниелік өмірде орасан үлкен оқиғалар болып өтті. Бір кезде социализм туы біздің ұлы Отаның төбесінде ғана желбіресе, кәзір Польша, Чехословакия, Болгария, Венгрия, Румыния, Албания сияқты Шығыс Еуропаның көп елдері осы тудың астында. Дүние жүзіндегі екі миллиардтан астам адам баласының төрттен біріне тең ұлы қытай халқы да социализмнің қызын туын көтерді. Өзіне социализм туын көтере қоймаған елдердің қалың бұқарасының көксеп отырғаны да өмірдің осы жолы.

Ұлы Отан соғысына дейін социализм туын көтерген жер жыйырма екі миллион шаршы километрге тең болса, кәзір оған он миллион шаршы километрден астам жер қосылды. Ұлы Отан соғысына дейін социализм туын орнатқан ССР Одағының халықтары екі жүз миллион болса, кәзір бұл жолға түскен халықтардың саны жеті жүз жетпіс миллионнан асады. Ұлы Октябрьден бергі 33 жылдың ішінде социализм қай майданда болса да, орасан ұлы жеңістерге жетсе, капитализм дүниесі орасан ойсырап құлдырап барады. Іргесі шіріген ескі дүние құламақ, жаңа дүние— социализм жеңбек. Сондықтан біз жыйырманшы ғасырды коммунизм ғасыры деп атаймыз.

Кәзір біз сол коммунизм ғасырының елуінші жылына кіріп, ортасына жетіп отырмыз. Біздің жасөспірім, пионерлер, сөз жоқ, дүние жүзінде біржола жеңген коммунизм заманының қайраткерлері болады. Сондықтан олар ұлы болашақтың адамдары. Коммунизм заманының адамдары өзіміздік, озбырлық, нағандық, санасыздық сияқты ескі қырсықтардан арылған, жоғары саналы, ерекше қасиетті, өнерлі, білімді адамдар болмақ.

Капитал дүниесі болашақты ойлап қайғырмайды да, қайғырған да емес. Ол қай кезде болсын, адам баласының барлық жақсы арман-тілегіне түгел жау: бүгін де жау, ертең де жау. Өйткені адам баласын қанау мен қорлықта ұстау үшін, оған ең алдымен нағандық, бишаралық, санасыздық керек.

Ал, біз бүгінгіміз түгел, болашағымызды да жете болжай өсетін социалистік ұлы қауымбыз. Сол ұлы болашақтың ұлы бір тілегі — жас тұлғалар тәрбиесі. Советтік социалистік құрылыс біздің балалар үшін ерекше жақсы жағдайлар жасады. Жас нәресте туган күннен бастап қоғамның қамқорлығында, яслиде, балалар алаңында, мектепте тәрбиеленіп өседі. Бізде оқу жасына жеткен баланың оқымай қалуына ешбір себеп жоқ. Барлық оқу-тәрбие жұмысын социалистік мемлекет өз мойнына алып отыр. Сондықтан, осын-

дай еркін жағдайда тәрбиеленетін совет балаларының өздеріне қойылатын біраз тілектерді айтқымыз келеді.

Ақыл-ой, сана, сезім шырғаусыз, оралғысыз өсетін заманның жас ұландары ең алдымен қорлы, мол білім алуға тырысулары керек. Олардың ең басты борышы — оқуды жақсы оқу.

Кәзір бізде жұмысшылар мен колхозшылардың арасынан шыққан білімділер бар. Жаңа машиналар ойлап шығарған жұмысшылар, ауыл шаруашылығын ғылым жолымен жүргізетін колхозшылар көбейе бастады. Атақты тарихшы Шығанақ Берсиев пен атақты күрішші Ыбрай Жақаев бір гектардан мың пұттан тары мен күріш алса, ол ғылымға сүйенгендік. Атақты ғалымымыз Т. Д. Лысенко Шығанақты нағыз академик деп босқа айтпаған. Мұндай білімді колхозшылар жыл сайын көбейе бермек. Кәзіргі күнде колхоз бригадаларының ішінде жоғары дәрежелі білімі барлары сирек кездескенмен, болашақта бұл күйде қала алмайды. Өйткені, біз ең алдымен қоғамдық өндірістің Отанымыз, қоғамдық еңбек ғылымға сүйенгенде ғана өнімді молмақ.

Машина, құрал-саймандарды жасап шығаратын өндіріс орындарын өнеркәсіп деп те айтамыз. Бір өзінде төрт мыңнан асатын тегігі бар машиналар бар. Өрине, мұны жасау үшін өнер-білім керек. Бір кезде жәй самолет жасаудың өзі қанша көп білім керек етсе, кәзір ұшқырлығы үшін ұшқырлығына тегелетін самолеттер жасалып жатыр. Біздің тілімізде «желдей өсіп», «оқтай ағып» деген сөздер бар. «Желдей өсіп» дегеніміз— ең жүйрігіміз ат болған кездегі ұшқырлық белгісі еді. Ол заман әлдеқашан артта қалды. Енді оқтай ағар заманға кірдік. Өнер-білімсіз оқтай аға алмайсын. Өнер-білімі бұдан анағұрлым жоғарылап кететін коммунизм дәуірінің қайраткерлері — бүгінгі оқушы-пионерлеріміз білімді болсын дегенде, алдарында тұрған білімді заманына сай болсын дейміз. Мұның аты оқу-білім сапарында артқа алақтамай, озып алға шыққанға қосыла білу керек деген сөз болады.

Оқу-білімнің мол бұлағына орыс тілі арқылы жетіледі. Орыс тілі — ғылым тілі, орыс тілі — Ленин мен Сталиннің тілі. Бұл тілді игерген адам ғылымның барлық саласымен танысуға мүмкіншілік алады. Қазақ мектептерінде орыс тілі бірінші кластан бастап енгізілуі себебі де осында жатыр. Сондықтан, ана тілің жақсы білумен қатар, қазақ балалары орыс тілінде толық меңгеруі — олардың келешегіне кең жол ашады.

Мектеп оқушылары қоғам өмірімен жақсы таныса тәрбиеленуі керек. Қоғам өмірі жалғыз ғана мектеп-

тің я болмаса колхоздың ішінде ғана емес. Колхозыңнан кеңірек аудан бар, ауданнан әрі облыс өмірі, одан әрі республика, ұлы Отаның бар. Отан өмірімен оқушылар қаумын тиісті мөлшерде таныстырып отыратын кітап, газет, журналдар бар. Кітап газет-журналдар пионердің ойын өсіреді, көз қарасын кеңейтеді, қоғамдық өмірлеріне нұсқау беріп, бастап отырады. Газет-журнал оқымаған балалар, әрине, ғылым, білімнің жаңалығынан қабарсыз, қоғам ісіне шорқақ, жолдастарының арасында қорғаншақ болмақ.

Газет-журнал балалар ойының ұшқыр, алғыр болуына көп жәрдем етеді. Мысалы, газет-журналдарда жұмбақтар, шарадалар, чайнвордтар, шахмат пен дойбы ойындарының әртүрлері басылып тұрады. Жұмбақ шешуі, теңеулер, салыстырулар арқылы табылмақ. Мысалы:

— Ізі бар адымы жоқ аяғының... — десе, ізі бар, бірақ, адымдап аттамайтын немесе өкпенін іздейсін. Жұмбақтың кейінгі сөздерін ойға сала отырып, шешуін табасын. Олардың ішінде түй-тура оқуыңа жәрдем ететіндері де толып жатады. Мысалы:

— Бас буыным — етістік бұйрық рай,

Екіншісін жылқыда көрдің талай... — деген.

Я болмаса:

— Тұңғыш буын зат есім екі-ақ әріп,

Екіншім — бұйрық рай, алсаң тауып...—деген шарадалардың шешулері оқушы балалардың ана тілін білетін, білмейтіндіктеріне байланысып жатыр. Ана тілінің заңдарын қай оқушы жақсы білсе, қай оқушының ой өрісі кең болса, сол тезірек шешеді.

Біздің тұрмыс күн санап алға басуда, ғылым тереңдей түсуде, сонымен бірге, адамның сана-сезімі де тереңдей беруде. Олай болса, бүгін қанағат көргеніміз бір кезде қораш болып қалмақ. Бүгін әлсусіз көрген кемшіліктеріміз бір кезде үлкен өкінішке әкеліп соқпақ. Біздің оқушы жастар мұны қатты ескерулері керек.

Пионер, жастардың кір жұқтырмай ұстайтын бір нәрсесі адалдық, тазалық, уәдешілдік болуға тиісті. Қазақ тілінде «таза» адам деген сөз үсті-басыңның тазалығымен бірге, ар-ұятыңның тазалығын да көрсетіп тұрады. Бұл халқымыздың ең жақсы дәстүрлерінің бірі. Коммунистік тәрбие жас буының ар-ұяты таза болуы бұрынғы қарапайым ел білетін түсінікпен де жоғары ұстайды. Газет-журналдардың бетінде совет балаларының талай-талай жақсы әріптерімен бірге, адалдықтарын да көрсететін әртүрлі хабарлар басылып тұрады. Өткен жазда Москва төңірегінде екі жас пионер ойнап жүріп, бір қалбыр сауыт тауып алыпты. Сауытты ашып қараса, ішінде он сомдықтан бір жүз алты алтын ақша бар екен. Екі пионер бұған алтын деп те, ақша деп те қызықпаған. Екеуі жүгіріп отырып милиция бөліміне әкеліп тапсырыпты. Әрине, бұл адалдықтың, тазалықтың белгісі. Бұл біздің совет пионерлеріне, совет балаларына ғана тән қасиет.

1948 жылы «Пионер» журналының оныншы санына жазушы Пантелеевтің «Мәде» деген әңгімесі басыл-



Фото — этюд

ды. Әңгімеде бір топ баланың бау ішіне жыйналып, өздерінің әскери ойын ойнағаны суреттелінеді.

Түн болып кеткен... жас баланы «оқ-дәрі тұратын қойманы» күзетуге қалдырып, ересек балалар кетіп қалған. Мына баланы ұмытып кетсе керек, енді жұрт аяғы басылған түнде, бақшада жалғыз қалған жас бала қорқып жылап тұр. Бірақ, жасына келген ересек адам:

— Жүр кеттік... — десе, бала көңбейді.

— Кете алмаймын, часовоимын... — дейді.

Аяғында бір майор кездесіп, баланы әрең үйіне қайтарады. Бала қанша қорқып тұрса да, күзеттен қозғалмаймын деп берген уәдесін бұзар емес. Ойын үстінде берілген уәдесіне шын жауапкершілікпен, адалдықпен қараған. Бұ да біздің балалардың ерекше қасиеті.

Оқушылардың арасынан әртүрлі өнерге ұмтылатындары жалпы әдетке айналып келеді. Бұл өте жақсы әдет. «Дені саудың жаны сау» деген сыяқты, дене шынықтыру жұмысына жастан қатынасу керек. Бұл жөнінде біздегі молшылық, басқа ешбір елде жоқ. Дұрыс жолға қойылған дене шынықтыру ойындары оқу-білім алуға бөгет емес, қайта, бойды сергітіп, ойына жәрдем ететін нәрсе.

Көп пионерлердің әдебиетке құмарлығы байқалады. Жүздеген пионерлер өлең жазып, газет-журналдарға жіберіп жатады. Бірақ, осы жөніндегі бір теріс мінезді ескерте көзкіміз келеді. Өлең жазған балалар не жазған-

дарын әдебиеттен сабақ беретін мұғалімдеріне көрсетіп, сынатып алулары керек. Оқушы жастардың ең сенімді ұстазы, сыр жасырмай ашық айтатын адамы — мұғалім. Өнер таңдау жолында да сенімді ақылшық — ұстазың болуға тиісті. Сен ақын боламын десең, мұғалім саған жәрдем студент басқа бөгет жасамайды. Оның орнына кейбір жастар «басса басар, басылмаға калар» деген оймен жазған өлеңдерін тура газет-журналдарға айдайды. Кейде сынайылап қайтарылған жауаптың ішіне үнілместен, өлеңнің бір-екі жолын атуесті түзей салып, қайта жөнелтеді. Өусі қандай жауап алса, келер жолы тағы сол жауабын алып, себебіне түсіне алмай, дала болады, кейде үзкен өспелі болып қалады.

Көкшетау облысының орта дәрежелі мәктөбін бітіргелі жүрген О. деген оқушы өткен август айында маған он екі жол өлеңін жіберіп, газетке бастыруды өтініді. Мен өлеңді қарап шығтым да, мына бір төрт жолын қайта жазып жібер деген кеңес бердім. Ол төрт жол мынау:

— Қызыл әскер орады жеңіспенен,

Қарсы алады көлхоздар өгіспенен.

Еңбектегі ата-ана қарсы алады —

Социалдық еңбектің жеміспенен.

Әрине, мен оған екі түрлі кеңес айттым:

1. Өлеңнің жалпы мазмұны, күзгі егін жыйнау науқанына арналған ең жауыптарды араластыру орынын тауып тұрған жоқ, оның үстіне жауыптардың қайдан оралғаны, қаншағым оралғаны өкені де түсініксіз екен. Алғашқы жолды өзгерту керек дедім.

2. Өлеңнің жол аяқтары қанша ұйқасқан сыяқты көрінгенмен, сөйлем құрылыстары дұрыс емес, мысалы, «социалдық еңбектің жеміспенен» деген сөйлем

болмайты дедім. Алғашқы үш жолды да осы мағыла тексеріп, кеңесімді айттым.

Жыйырма күннен кейін, өлең қайта айналдып келді. Ендігі түрі мынадай болыпты:

Көлхоз күзге жетіп тұр жеңіспенен,

Социалдық мол түсім өгіспенен.

Еңбек өткен шаруа көлхозшылар —

Еңбек күнге қолықты тегісінен.

Әрине, алғашқысымен салыстырғанда өлеңнің беті бері қарағандық жоқ емес... бірақ, бұл әлі өлең емес. Сөйлем кателері әлі көп. Айтайын деген ой көлемі айқын болғанмен, соны көркем түрде айта алмаған. Өлеңнің әр жолына өзімше нұсқаулар айтып, тағы да қайтардым...

Екінші рет түзетіндей ай жарымдай кешігіп келді. Бұл төрт жолдың көзірші түрі мынадай:

— Көлхозым қысқа жетті жеңіспенен,

Быйылғы түсімі мол өгіспенен.

Егілген күзгі өгіспен айдалған заһь —

Ой мен қыр қара мақпал тегістелген...

Жас талапкермен екеуіміз әзірше осы халге жеттік. Қанағат күтіп ол жатыр да, әлі де қанағат өте алмай мен жүрмін. Сөз жоқ, бастапқы екі түрімен салыстырғанда, бұл төрт жол анағұрлым жақсы. Бірақ, автормен арамсыз жаңа бір мәселе туып қалды. Мына төрт жол өсе келе қысқа жетті де, өзге сегіз жол әлі күзгі өгісті жыйнауның төңірегінде тұрып қалды. Оның үстіне, түзетін түсіп жүрген төрт жолдың түзелуі түсетіні әлі бар, болашағы алда сыяқты.

Төрт жолдың тарихын осынына сөзіп кеткеніміздің себебі, жас талапкерге дұрыс жөн сілтейік деген тілектен туып отыр. Егер жас талапкер осы өлеңін әуелі мұғаліміне көрсетсе, біз айқанды кеңесті мұғалімі де берер еді.

Оқу-білімсіз өнер де жоқ, ақын болу үшін, я болмаса, басқа түрлі өнерпаз болу үшін, ең алдымен білім керек.

Біздің жасөспірім жаңа заманның қайраткерлері — ұлы болашақтың адамдары. Білімсіздік, نادандық сыяқты нәрселер коммунизм заманына бірге еріп бара алмайды. Біздің жастардың ойлағандай мол білім алуына бөгет болар ешбір себеп жоқ. Ол үшін әрбір совет оқушысы оқу-білім алуға, ақыл-ойын тереңдетуге саналы түрде қараулары керек. Алда — ұлы болашақ, Сталин ұрпақтары.



Алматы селендік ауданы, Сталин атындағы мектептің жас мұғалімдері биология кабинетінде жүгеріні сұрыптап жатыр.

СОКОЛЬНИКИДЕГІ ЖЕЛЖА

ӘНГІМЕ

А. КОНОНОВ

Ёлка ағашын алыстан іздеудің қажеті жоқ еді. Осы Сокольникидің өзінен тәуір деген көк бұйра ағаштар сайланып, орман мектебіне жеткізілді.

Балалар бұл ёлкалардың біріне бірі айқастырылған екі тақтаға құламас үшін тігінен шөгелентенін де көрді. Содан соң монтер Володя ёлканы нұрға бөлемек боп электр сымын жүргізіп, бұтақтарға шам орнатты.

Жұрт келесі күні таңертеңнен бастап-ақ Владимир Ильич Лениннің келуін күтті. Тіпті, сол күннің қарсаңында кеш түспей жатып-ақ, балалар мектеп завхозына қайта-қайта сұрақ жаудырумен болды.

— Егер Ленин келмесе, қайтеміз?

— Егер күн қайта түтес жетсе, қалай болады, Ленин сонда да келер ме екен, әлде келмес пе екен?

Завхоз Петроградтың қарт жұмысшысы болатын. Ол Ленинді революциядан бұрын да білетін. Сұрақ біткеннің соған жаууы да міне осыдан еді. Ал, ол сенімді түрде жауап қатады.

— Ильич келем деді ме, сөз жоқ, келеді.

Кеш түсті. Расында да бұрқасын көтерілді. Қарағай желмен суылдан, ақжылдандай сумаң қағып жаюу борасын жүрді. Аспан шаңғытын, жер бетін мұнар басты.

Ёлка жасакталып бітті. Балалар барлық ойыншықтарды өздері жасалы. Аю дейсің бе, қоян, піл дейсің бе — неше түрлінің бәрі әзірленді. Солардың ең тамашасы — ақ сақалды, қызыл шырайлы аяз ата еді, ол ёлканың ұшар биігіне, құтты орнына қонды.

Уақыт өтіп жатты, бірақ Ленинен қабар-ошар болмады.

Балалардың құлағына ересектердің бірінің ақырын айтқан мынандай бір сөзі де шалынды:

— Әлбетте, мұндай түреген боранда қайдан келсін.

Балалар тағы да қарт завхозқа жүгірді. Оның сөзі ызбармен айтылды.

— Мазаны алмаңдар! Рас ол кісі келемін деп айтқан екен, сөз жоқ келеді, деймін.

Келеді деген үміт қайта жанды. Тыста жел ысқырына соғып, қыйыршық қар терезені тырс-тырс шертеді. Алай-түлей осы шуда мектепке келген машинаны да ешкім сезбей қалды. Машинадан Владимир Ильич шықты.

Ол басқышпен жоғары көтерілді, шешінді, орамалымен қары ери бастаған бетін сұртті. Содан соң дереу кең бөлмеге өтіп, балаларға барды.

Портретін сан рет көрген балалар Ленинді салған жерден таныды. Өйткенмен, алғашқы бетте олар

абыржып, тұрған орындарында қыймылсыз қатып қалды. Бар болғаны Лениннен көз алмай, бәрі де үнсіз қарай берді.

Владимир Ильич көп күтін тұрмады. Көзің қысыңқырап жымыя қарап:

— Мысық пен тышқан ойынын қайсың білесің? — деп сұрады.

Бірінші болып балалардың ішіндегі ең ересегі Вера жауап берді.

— Мен білемін.

— Мен де білемін! — деп дауыстады Лёша деген бала.

— Жарайды, олай болса сен мысық боласың, — деді Владимир Ильич оған.

Балалар ёлканы қаумалай, алқа-қотан тұрды. Тышқан болуға кішкентай Катяны шығарды. Лёша салған жерден Катяға тап берді. Оны ұстау оңай да еді. Бірақ қыз бала Ленинге тығылды. Владимир Ильич оны жерден көтеріп алып:

— Тышқан мысықтың қолына түспейді! — деп қолында ойпатты.

Осыдан кейін тышқан боп Сеня шықты. Лёша оны ұстап алып тышқан боп ауысты да, Сеняға мысық болуға тура келді.

Ойын көпке созылды, ойнаушылардың бәрінен дегер шықты.

Бір кезде есік ашылып, бөлмеге үлкен сұр піл кірді. Балалар оны тамаша көріп, шулап қоя берді. Рас, олардың көбі мектеп роялына жабулы тұратын үйреншікті сұр матаны бірден-ақ аңғарды. Бірақ сол матаның ішіндегі кім—әңгіме осында еді. Піл алдындағы сала құлаш тұмсығы қозғалып, ыргала басып, теңселіп келеді. Оның алдыңғы аяқтарына пи-ма киілген, ал артқы аяқтарындағысы ботинка көрінді. Егер төртіншеп қарап жатпаса, шынында, оны нағыз піл сыяқты деуге болар еді. Піл қырқып өтіп, ёлкапы аралап шықты да, соңғы рет тұмсығын бір бұлғап, тағы да балпаң басып есікке беттеді. Есіктен шығысымен-ақ матаның ішінен монтер Володя мен мектеп күзетшісі шыға келді. Екеуі де осындайларды ойлап тапқыш ку еді. Олар шығып алды да, бөлмеге қайтып келді. Балалар оларды көрінді күшесті. Осы күлкіден ёлка төбесінде отырған аяз ата да қозғалды.

Сол кеште бұдан басқа да сан қызықтар болды.

Балалардың біреуі:

— Енді көз таңбақ ойнайық, — деп жар салды.

Владимир Ильич орамалын алып, өз көзін байлады.

Монтёр Володя дереу ёлканы бір бұрышқа сырып тастады, осыдан кейін бөлме іші едәуір кеңіп қалды.

Ленин қозып төмен салбыратып, алғын ұшынан басып, алға шықты.

Балалар жамырай дүрлігіп, әр түсқа тарай қойды. Содан кейін олар білінбей келіп, Владимир Ильичті қаумалап:

— Ыстық, — деп айқайлады.

Ал Владимир Ильич әбден жақындаған кезде:

— Күйесің! — деп шулады олар.

Кейде олар білінбей Лениннің қолы астында бұғын та қалады, ал мұны ол кісі сезбей өте шығады.

Сол шақ олар айқайға басады:

— Суық, тоңасың!

Ленин балалардың бәрі бұл ойынға машық, етті, орамды екенін, тегі бұл қалында, көзі байлаулы күйінде көпке дейін жүре беретін түрі бар екенін байқады.

Осыны сезген ол алға қарай жүрмек болғанын қозғалды да, арт жағындағы бір баланы жалт бұрылып, шап беріп ұстап алды.

Балалар ойынның тәртібі бойынша:

— Кім екенін біл! — деп айқайлады.

Ұсталған бала қашуға талпынып, күліп жіберді. Бұл Сеня еді.

Владимир Ильич оның шашын сыйлап, қолын маңдайына, бетіне аларын байқап көрді де:

— Сеня! — деді.

Сеня бұлайша қолға түсіп қалғанына өкінесе де, аз атын Лениннің есінде сақталғаны жапына жағып кетті.

Содан соң, кішкентай Катя Пушкиннің өлеңін оқыды, артынан жаңылып қалып, жылап жіберді.

Ленин оны уатуға кірісті. Катя жылауын қойып, көз жасын орамалымен сүртті де:

— Ленин, сен бізден ешқайда көтпе! Осында тұратын бол! — деді.

Ленин күліп жіберді.

— Мен оңызда алыста тұрмаймын ғой.


Содан соң барлық бала ёлканы айналып жүгіртсе басты. Кішкентай Катя Владимир Ильичпен қатарласып жүгірді. Ол кісі Катяны қолынан ұстап алған. Лениннің қолы үлкен еді, жылы еді.

Осы кезде бөлмеге бір корзинка сыйлық алып Надежда Константиновна Крупская мен Владимир Ильичтің анасы Мария Ильинична кірді. Бұл сыйлықты балаларға Ленин әкелген еді.

Бір балаға автомобиль, екінші біріне түтік, енді біреулеріне барабан тиді.

Осындай думанда, Ленин ешкімнің көзіне шалынбастан тысқа сытылып шықты да, машинасына отырып жүріп кетті.

1919 жылы Сокольникиде ёлка міне осылай өткен еді.



В. И. ЛЕНИН АТЫНДАҒЫ МЕКТЕПТЕ

Петропавел қаласында көптеген жеті жылдық және орта мектеп бар. Осы мектептеріміз бірі — Владимир Ильич Ленин атындағы қыз балалар орта мектебі.

Мектептің кемелгер көсеміміз, ұлы ұстазымыз В. И. Лениннің есімімен аталуы мектеп оқушыларына үлкен ой салады, оларға зор жауапкершілік артады. Көсем есімі оларды сабақты жақсы және өте жақсы оқуға, мектепте, үйде, түзде — барлық жерде саналы тәртіпті берік сақтауға, мектеп, комсомол және пионер ұйымдарының жұмыстарына белсене қатысуға шақырады. Қысқасы, В. И. Ленин сабақты қандай жақсы оқыса, бұл мектептің оқушылары да сондай оқуға, В. И. Ленин қандай тәртіпті болса, бұлар да сондай тәртіпті болуға, В. И. Ленин көпшілік-қоғам жұмысын қандай сүйіп істесе, бұлар да сондай сүйіп істеуге міндетті.

Мектеп оқушылары бұл борыштарын жақсы түсінген. Мұнда оқушылардың көпшілігі сабақты жақсы және өте жақсы оқиды, қоғам жұмыстарына белсене

қатысады. Сондықтан да бұл мектеп қаладағы алдығы қатарлы мектептердің бірі болып саналады. Бұл мектепте оқытатын әрбір оқушы:

— Мен Владимир Ильич Ленин атындағы мектепте оқығым! — деп мақтанышымен айта алады.

Мектепте пионер дружинасы бар. Онда жыйырмаға тарта пионер отрядтары жұмыс істейді. Егер сіз дружина советінің председателі Валя Ермолаевадан:

— Әсіресе, қай отрядтың жұмысы жақсы жолға қойылған? — деп сұрай қалсаңыз, ол сізге:

— Маған 5-отрядтың жұмысы өте ұнайды. — деп жауап береді.

Расында да, 5-отряд — дружинадағы ең таңдаулы отряд болып есептеледі. Бұл отрядтың пионерлері сабақты үздік оқумен бірге, дружинада көптеген игі істерді жүзеге асырып келеді.

Отряд советінің жуырда болып өткен бір мәжілісінде совет мүшелері әкелері майданда қаза тапқан оқушыларға заттай көмек көрсету мәселесін қаралы.

— Қыздар, егер біз өз күшімізбен қала еңбекшілеріне концерт қойсақ, одан түскен ақшаға қысқы киім сатып алып, әкелері Ұлы Отан соғысы майдандарында қаза тапқан оқушыларға берсек қайтеді? — деді отряд советінің председателі Галя Орел.

Галиның бұл ұсынысы басқаларға да ұнап кетті.

— Біз, осы мәселені дружина советінің есіне салсақ қайтеді? — деді Мая Байболова.

— Несі бар, дұрыс болады. Мұны біз бүкіл дружина болып қолға аламыз, — деді тағы да Галя.

Келесі күні бұл мәселе бүкіл дружинаға жайылды, тіпті мұны мектептің бастауыш комсомол ұйымы да естіпті. Пионерлердің бұл ойын мұғалімдер де мақұлдады. Мектепте дружина пионерлерінің күшімен концерт қойылды. Концертке жұрт көп жыйналды. Концерттен түскен қаржыға біраз балаға қысқы киімдер сатылып әнерілді.

Осы 5-отряд пионерлерінің ұсынысы бойынша, мектепте көшпелі кітапхана ұйымдастырылды. Бұл оқушылардың өз кітаптарынан құрастырылды. Кітапхана бір отрядтан екінші отрядқа үнемі ауысып оты-

рады, ол ай сайын жаңа кітаптармен жаңартылып тұрады.

Бесінші отрядтың пионердерінде ұйымшылдық күшті. Егер бір оқушы қайсы бір себептермен қатарынан калып бара жатса, отрядтың бар пионері оған көмекке келеді. Оның оқу құралы жоқ болса, оны тауып береді; түсінбеген жері болса, оны түсіндіреді. Ақыры, қатарларына қайта қосады.

Бұл отрядта төрт звено бар. Бұл звеноларда жұмыс қызғылықты, әрі мазмұнды жүреді. Звено вожатыйлары Нина Кушнир, Мая Байболова, Рима Холоднова және Надя Воропаевалардың балалар алынына беделі күшті. Бұлар қандай тапсырма берсе де, пионерлер оны мұлткісіз орындауға жұмылады.

Отрядта күнделік дәптер бар. Оны отряд өмірінің айнасы деуге болады. Мұнда отряд өткізген жыйындар, болған экскурсиялар, звено жыйындары, біртүрлі кино көргендері т. б. жазылған.

Отряд пионерлері отряд шежіресін қоса жүргізеді. Ол бұл «шежірені» оқып, отрядтың өткен тарихын, өздерінің игілікті істерін, кейде сәтсіздікке ұшыраған кездерін де естеріне алады.


ДРУЖИНА МЕРЕКЕ КҮНДЕРІ

Жуырда 8, 9 және 12-отряд пионерлері Артиллерия күніне, сол сыяқты, Сталиннің Конституция күніне арналған жыйындарын өткізді. Жыйында отряд пионерлері тегіс қатысты.

Дружина пионерлері кемелдер көсеміміз, сүйікті ұстазымыз және ең жақын досымыз — Пселф Виссарионович Сталиннің 70 жасқа толған күнін зор мерекемен өткізді. Бұл күні дружинаның салтанатты жыйыны болды.

Бұл күндері екінші класс оқушылары да зор шаттыққа бөленді. Олар өздерінің ағалары алдында салтанатты түрде уәде беріп, мойындарына қызыл галстук байлап, омырауларына қызыл значок тағып, пионер қатарына кірді.

Жетінші класс оқушылары да ұлы күнді қызу қарсы алды. Осы класта оқыттын Чуманова, Рудина т. б. жуырда 14 жасқа толады. Олар комсомол қатарына кіруге әзірленуде. Кәзір олар БЛКЖО уставын



үйрететін үйірмелерде оқып жүр. Владимир Ильич Лениннің қайтыс болғанына 26 жыл толуы қарсаңында олар комсомол қатарына кірмек.

ҚОЛБАС УАҚЫТА

Дружинаның есен беру-сайлау жыйынында пионерлер дружина советіне сабақтан қолбас уақытты қызықты әрі мазмұнды өткізуді тапсырған болатын. Дружина советі пионерлердің бұл тапсырмаларын мұлткісіз орындауда. Жас таланттардың өнерін байқау болып өтті. Бұл байқауға дружинаның таңдаулы жас әншілері, сол сыяқты, драма, хер, әлебиет және ойынсауық үйірмелері де қатысты. Байқауда озып шыққан

звенолар мен жеке пионерлерге бағалы сыйлықтар берілді.

Дружина әрбір сембі сайын сауық кешін ұйымдастырады. Кеште пионерлердің күшімен концерт қойылады. Бұл шаралардың бәрі де пионер ұйымының жұмысы қызықты болып, пионерлердің көңілді демалуына көп көмек көрсетеді.

ШАҢҒЫ ТЕҒЕ БІЛІ

Дружина советі әрбір пионерге шаңғы тебу міндетін жүктеді. Бұған барлық жағдай бар: қалаға қар қалың түсті, пионерлердің барлығының да шаңғысы бар. Кәзір дружина пионерлері шаңғы теуіп жаттығуда. Көптеген пионерлер кәзірдің өзінде-ақ шаңғымен жақсы жүреді. Жуырда дружинада шаңғы жарысы болмақ. Бұл жарыс көптеген звено, отряд және дружина чемпиондарын шығармақ.

Дружина пионерлері коньки тебуді үйрететін жеңіл атлетика, акробатика үйірмелеріне де қатысады. Онда көптеген игілікті істерді атқарады. Бірақ, олар қайда жүрседе, не істеседе, ең басты міндет — оқу екендігін еш уақытта естерінен шығармайды.

Бұл мектепте пионер лекторийі бар. Дружина мен отряд советтері пионерлерге арнап бірнеше баяндамалар мен лекциялар өткізуді ұйғарып отыр. Бұлардың кейбіреулері кәзірдің өзінде өткізілді. Мысалы, дружина пионерлері: «Дүниенің басталу кезі болды ма және соңы бола ма?», «Басқа планеталарда тіршілік бар ма?», «Математиканы біз не үшін оқыймыз?», т. б. тақырыптарда баяндамалар тыңдады.

Нәп үйірмелерінде де жұмыс қызғылықты жүреді.

Әсіресе, физика, география және биология үйірмелері өз жұмысын жақсы жолға қоя білген. Үйірме мүшелері мұғалімнің аузынан естімеген, оқу кітабында жазылмаған жаңалықтарды үйірмелерден үйренеді.

Дружина қабырға газетін шығарып тұрады. Қабырға газетін шығару ісіне отрядтың алдыңғы қатарлы пионерлері, оқу озаттары, тіпті оқытушылардың өзі де белсене қатысады. Олар қабырға газетіне мақалалар жазып, өздерінің оқу тәжірибелерін алмастырады, оқытушылар кеңес береді. Қабырға газетінің редакторы Тамара Тищенко, жас суретші Эльвира Семенова өкәуі бірігіп, «Апта жаңалықтары» деген қосымша газет шығарады. Пионерлер бұл газеттен мектеп жаңалықтарын, пионер ұйымының ісін біліп отырады.

Владимир Ильич Ленин атындағы қыз балалар орта мектебі пионерлерінің әрбір ісі қаланың басқа мектептеріне үлгі-өнеге болуда. Мұның жөні де бар. Өйткені, ол — Владимир Ильич Лениннің есімімен аталады.

А. КИСЛИЦИНА,

Петриавел қаласы, В. И. Ленин атындағы қыз балалар орта мектебі.

ЛЕНИН ТУЫ

Өмірдің еркін басып ең биігін,
Асырды даңқын жұрттап елім бүгін.
Жеттік біз сол жеңіске—өрлеп алға,
Көтеріп күннен күшті Ленин туын.

Көрмеген ата-баба мәңгі бұрын —
Көрдік біз көз жетпейтін өмір күнін,
Таптық біз—шат өмірді, қуанышты,
Жайнаттып сәулеміздей Ленин туын.

Отанға шанын дұспаң келгенде уын, —
Тартқанда нажағайдай жау шеруін —
Жөнелдік жауды жайнап,

бастық алға, —

Бетке ұстап айбыны зор—Ленин туын.

Жапырып жау біткеннің жарып шуын —

Келеміз келешектің көрін шығын.

Бахыттың бағы атанды Отанымыз —

Үстінде желпідетіп — Ленин туын.

Кұйды да күндей Ленин елге нұрын —
Бахыттың айтып кетті мәңгі сырып.
Сталин даналықпен ұстап қалды—
Айбынды,

Хаспетті — Ленин туын.

Сталин—асқан дана, —

Ленин бүгін.

Көтерген Ленин даусын,

Ленин үнін.

Барады бастап бізді келешекке —

Тік ұстап жеңілмейтін—Ленин туын.

Есіркеп, ел біткеннің еркіндігін —

Жоюға жауыздықтың дүлей түнін,

Сталин

бар әлемнің аспанына

Көтерді

күннен күшті—Ленин туын.

Қалижан БЕНХОЖИН.



Ұят жұшті

(«Пионер» журналы жариялаған балалар әдебиеті бәйгесінде үшінші бәйгі алған әңгіме).

Б. СОҚПАҚБАЕВ

Қанатқа папасы: қызыл, жасыл және көк бояу жазылатын бояу қарындаш әкелі берді. Қанат қуанып кетті. Ойнап жүрген балаларға келіп, қарындашының үш түрлі түссізіндігін айтты да, жазып көрсетті.

— Бере тұршы, ұстап көрелік, — деді Бодан дейтін бір бала.

Балалар Қанаттың қарындашын қолдан-қолға қыдыртып көрді. Қарындашқа бәрі де қызықты. Қанат қарындашын сырт көйлегінің қалтасына салып қойды да, балалармен бірге өзенге шомылуға барды.

Аспанда бір тарақ қағаздай да бұлт жоқ. Жер бетіне күздің жайлы шуағы орнап тұр. Балалар шомылып болып киініп жатыр.

Қанат көйлегін киіп жатқан кезде бояу қарындашы сусып жерге түсіп қалды. Мұны Қанат сезбеді. Қасында отырған Бодан қарындашты дереу алып, қойнына тығып жіберді.

Балалар киініп болып, бүлдірген теру үшін тоғайға қарай жүргенде, Бодан көңілсіз түрде:

— Мен үйге қайтамын, ішім ауырып тұр, — деді.

— Қатты ауырып тұр ма?

— И, қатты ауырып тұр.

— Ішінді уқалайың ба? — деп Петька Боданға жақындады. Бодан, қойнымдағы қарындашты біліп қояр деп қауіптеніп:

— Өзі жазылып кетеді, уқаламай-ақ қой, — деп безектеді.

— Қайтам десең, қайт, терген бүлдіргенімізден біз саған апарып береміз, бірақ байқа, жолда жатып қан жүрме! — деді Қанат.

Бодан тоғайдың шетіне шықты да, артына қарады. Балалар көрінбейді.

Қойнындағы қарындашты әуелі сыртынап басып көрді. Соған соң қолын омырауына салып жіберіп алып шықты. Әдемі-ақ! Қызығарлық қарындаш. «Москва» деген күміс жазуы да бар.

Бодан қарындашты қойнына қайтадан салып қойды да, күлім қағып, тез басып келе жатты. Үлкен олжалы адамдай-ақ мақтанышы бар. «Көзір барып мен мұны анама көрсетемін» деп ойлады. Анам «қайдан алдың?» деп сұрайды. Жоқ, көрсетпеймін.

Бодан тоқтай қалды. Оның ойлап тұрғаны мынау еді: Мен бұл қарындашты жолдасымнан ұрлап алдым. Өзімдікі болмаған соң өзгелерге көрсете алмаймын, жазып пайдалана да алмаймын. Мұғалім бізге пионер

ұрлық істемейді, ұрлық өскіден қалған жексұрын әдет, деп еді ғой.

Боданның бетінен күлкі тым-тырақай қанып кетті де, орнына ұялып қызарғандық келді. Өзінде абыржу найда болды. Қарындашты алғанына өкінді.

— Мен ұрлық істедім бе? — деп өзіне-өзі сұрақ қойды да, дереу:

— Жоқ, — деп жауап берді. — Мен ұрлық істемеймін, мен қызыққан соң ғана алдым. Байқаусызды алдым.

Бірақ Боданның бұл сөзі өзін де сендіре алмады. Бөрінен бұрын пионер ұрлық істемейді деген ережені бұзғандығы жанын ұдай ашытты. Ол: қарындашты Қанаттың өзіне берейін, деген қортындыға келді.

Қанатпен Бодан көрші тұратын. Үйлері көшенің басында.

Бүлдіргеннен қайтқан балалардың әрқайсысы жос ұястан салып, бүлдірген жыйнап, Қанатқа берді де:

— Сен бұл бүлдіргенді Боданға апарып бер! — деді.

Қанат Боданның үйіне жеркенде, өсіктен Боданның шешесі шыға келді.

— Ана, Бодан үйде ме?

— Үйде отыр, қарағым.

Бодан келе жатқан Қанаттың үнін есітті де, төсекке барып қыйсап кетті. Жүрегі лүнілден аузына тығылды. «Ол қарындашын сұрағалы келе жатыр ғой» деп ойлады.

— Бодан, ішің әлі ауырып жатыр ма? Біз саған бүлдірген әкелдік, — деп Қанат оның қасына келді.

Бодан бүктүсіп жатып, басып тұқырып алышты.

— Неге үндемейсің?

Бодан жауап қатпады...

Газетке оралған бүлдіргенді үстел үстіне қойды да, Қанат шырып кетті.

Қанат үйден шығып кеткен соң да Бодан ұзақ жатты. Көзін жұмып алып ойлаумен болды. Оның ойы мынау еді: қарындашты Қанаттың өзіне беру керек. Бірақ, қалай беремін? Мә қарындаштың деймін. «Сен мұны қайдан алдың» десе, не демекпін? Тауып алдым деймін бе? Жоқ, сен киініп жатқанда түсіп қалып еді, алдым да қойныма тығып жібердім, себебі қызығып кеттім деймін бе? Бұлай десем ұят. Басқа балалар естиді, ұры атанамын. Бұл іс мұғалімнің

құлағына шалынады. Сабақ үстінде тұрғызып қойып, оқушылардың көзінше ол:

— Бодан, бұл ісің ұят! — десе, масқара тәй. Балалардың барлығы сонда маған қарайды, мен қызыл болып төмен қараймын...

Бұл көрініс Боданның көз алдына елестеді де, терлеп кетті.

Орнынан тұрып барып, үстел үстіндегі бүлдіргеннің бір талын аузына салып еді, зорға жұтты. Терезеден сыртқа қарады. Балалар дөп ойнап жүр екен. Бодан терезеден кейін кетіп қалды. Көріп қалаа: «ей, ұры?» деп барлық балалар мазақтайтындай секілденді.

Бодан түнде де іштей күйзеліп шықты. Ақыры өзін жұбатқандай қорытындыға келді. Қорытындысы мынау: ертең сабақ арасындағы үзіліс кезінде, балалар тысқа шығып кеткенде, қарындашты Қанаттың сумкасына салып қойып, онан кейін не болса, сол болсын.

Міне, ол ертеңгі асын ішті де, сумкасын алып үйден шықты. Қабағы шытыңқы, көңісіз келе жатыр. Күндегі әдетімен Қанаттың терезесінің тұсында үш рет ысқырған да жоқ.

Қоңырау соғылды. Бір сабақ бітті. Класстағы балалар жүгіріп тысқа шығып кетіп жатыр.

Бодан күйбеңден орнында қалды. Класста ешкім қалмағанын көріп, ол терезе алдындағы Қанат отырған партаны жүгіріп барды. Есікке қалған екі көзі бақырайып, жүрегі тулап соғып кетті. Діріл қаққан нәзік саусақтары партаның қуысында тұрған Қанаттың сумкасына тиер-тимес болып тұрып қалды. Сумканы алып шығуға Боданның батылы жетпеді. Қылпылдаған ұстараны жүзінен ұстай алатындай-ақ сескешеді.

Тыстан естілген әр дыбыс, балалардың күлкіді сөздері мен шулағандары оның зәресін алып барады.

Көзір қолға түсетіндей.

Ашық тұрған есіктің алдынан бір оқушы жүгіріп өтіп еді, оның көлеңкесі Боданның қарсысындағы қабырғаға түсіп, Боданға қарай жүгіріп келе жатқан адам сияқтанып қалды. Бодан тізтен қарай да алған жоқ, шегіне берді...

Класка кірген мұғалім:

— Сен неғып тысқа шықпай тұрсың? — дегенде, Бодан селк ете түеті. Ол мұғалімнің қалай кіргенін байқамап еді. Қарындаш жерге түсіп кетті. Мұғалімнің бетіне жалт етіп бір қарады. Шеке тамырлары әйнек сығаңдай шытырлап, бүкіл денесі лап етіп ысып кетті. Ұятына булығын, үңдей алмай қалды да, төмен қарады.

— Бодан, сен көңіліңізге тәй. — деп мұғалім қасына жақындағанда, ол жылап жіберді. Қысылып жыласа да, үні қатты шығып кетті.

— Не болды, неге жылайсың, Бодан? — деп мұ-

ғалім оның басын сыйпап, бетіне қарамақ болып негінен көтерді. Боданның көзінен жастың мөлтір мопшақтары сынапша жылтылап түсіп жатты.

Ол дауысын шығармауға тырысып, булығын жылайды.

Мұғалім біраз қарап тұрды да, Боданның солығы басыла берген кезде:

— Айтшы, неге жылайсың? — деді.

Бодан аяғының қасына елеңде жатқан қарындашты еңкейіп алды да, мұғалімге барлықшынын айтып берді...

— Бұдан былай қарай ұраық істемеймін, кешіріңіз... кешіріңіз, ағай! — деді ол.

Мұғалім Боданның көңіл күйін қалтқысыз таныды. Оның көз жасы қуа болып, пионерлік ар-ұяты айтқызып тұрған сөзіне сенді.

Сүйте тұрып, ол:

— Ұраық істеуге батылың барғанда, қарындашты несіне беруге неге ұяласың? — деді зілмен суық сөйлеп.

Бұл сөз Боданға шапалақпен тартып жібергендей түйіп, бетін ду еткізді.

— Сен алдымен Қанаттан кешірім сұра, онан соң бүкіл жолдастарыңның алдында кешірім сұра, — деді мұғалім, — пионерлік уәдеңді соларға бер.



...Қоңырау соғылып, оқушылар класка кіріп жайласып отырғаннан кейін, Бодан мұғалімнің шақыруымен балалардың алдына шығып, Қанаттан және жолдастарынан кешірім сұрады...

Осыдан соң оның бойы сергін, көңілі жаалытунгі нөсерден кейінгі аспандай жадырап келе жатты.



Ауыл мұғалімі

М. ИМАНЖАНОВ

(Повесть, жалғасы. Басы өткен сандарда)

Суреттерін салған Н. ЛЕБЕДЕВ

Таңертеңгі уақыт. Бәкімәкпен жаңа ғана көтерілген күн оқу бөлімі кабинеті ішіндегі қаракөлеңке көнілсіздікті қуып, сәулеттендіріп жіберді. Бөлмеге Жакын кірді.

Оның көзі келген бетте бұрыштағы үстін тозаң басқан шкафқа түсті. Кеше де оған көп қадалған. Әйтсе де, ешкімге ешнәрсе демеген. Көрер, елер деген ойда болған. Ол ойы ақталмапты, шкаф үстіндегі бұдыраған ескі-ұсқы қаразға, шаң-тозаңға үй сыпырушының назары бүгін де аумағаны байқалады. Кешегі шаң басқан қалпында сыры қашқан қоныр шкаф жүдеу тартып әлі тұр.

Жакын коридорға шықты да, еден сыпырып жүрген әйелдің қасына барды.

— Жекпей, шаң сұртетін шүберегіңіз бар ма? — деді ол «амансызбадан» кейін.

Әйел Жакынның бетіне таңлана қарады.

— Оны қайтесіз?

— Шкаф сұрту керек еді.

— Бетім-ау, ол не дегеніңіз, мен сұртем ғой.

— Сіз сұртпейтін көрінесіз.

— Байқамағанмын ғой.

— Сол байқамаған жаман.

Әйел шкафтың үстіндегі, айналасындағы тозаңды ымкылы шүберекпен тәптіштеп сұрткеннен кейін стол маңын, бұрын-бұрынғы көзімен жіті сүзіп шықты. «Енді қылау жоқ шығар» дегендей сенімді пішінмен Жакынға бұрылып:

— Қайным, екінші рет мұндай салақтық болмайды, — деп шығып кетті.

..Кабинетке асыға басып зөвхоз келін:

— Күдері қайда? — деп сұрады.

— Жайша ма, ақсақал?

— Жұмыс уақытында бос жүріп жынданып кетті ғеймісін.

— Мектепке байланысты жұмыс болса, айтыңыз. Мүмкін, мен-ақ шешіп берермін.

— Қайық жоқ... Білдің бе?

— Не қайық?

— Не қайық болсын — колхоздың жалғыз қайы-

ғын ұрлап, көл сыртындағы брнталаларға тура қатынайтын жолды қыйып кетті.

— Кім?

— Сендердің оқушыларын...

— Анық білесіз бе?

— Солар болмағанда, алыстан жау келді дейсіз бо...

— Ойыңыз ба?

— Ойым емес, көзіммен көрдім. Үшеу. Қаранғыны пайдаланып таңытпастан, ұстатпай кетті түнде...

— Анық біздің оқушылар болса, қайда кетер дейсіз...

— Кетпегені бар болсын, бір күн ділгер болғанның өзі қайда жатыр.

— Уайымдамаңыз да, кейіменіз де, үйіңізге қайтыңыз. Егер біздің оқушылар алған болса — қайық ертеңнен қалмай қолыңызға тиеді. Сеніңіз маған.

Жакын завхозды жөнелткеннен кейін тысқа беттеді. Коридордың ең түкпіріндегі 6-а класының есігінен жылтырдан қараған бастарды оның көзі шалды. «Сабақ уақытында бұл не қылған бейсауат жүріс?» деп білгелі сонда келді ол. Есікке бақылаушы қойып, іште асыр салып жүрген шәкірттер жалма-жан орындарына жетіп, Жакын кірісімен дүрліге түре келді.

— Отырыңдар! Мұғалімдерің қайда?

— Келген жоқ.

— Математика сабағы ма еді?

— И математика.

— Біреуің ғана сөйлеңдер.

— Ағайды мектептен бүгін көре алмадық, — деді Жарқын.

— Жақсы, ендеше сабақты мен өткіземін.

Балалар өздерін бұрынғыдан да жыйнақы ұстап, власта өте қолайлы тыныштық тудырды. Жакын бүгін 6-класқа арналған әдебиет оқу кітабы бойынша сабақ өткізуге тиісті еді. Бірақ олай етпеді. А. Колосовтың «Порторт пен Егорца» деген әңгімесін оқып талдауды ұйғарды. Оның оқуы балаларға қатты әсер етті. Оқыған емес, өзі көргенін баяндап отырапай, мейлінше

ұғымды болды. Әңгімеде Егорка деген бала қайырап қалған жайыңды көріп үлкендерге хабарлайды, парторг келеді. Бәрі жыйпалып балықты ұстайды... Содан кейін бөліске салады. Үлкендер мол үлесті балаға ұсынады. Ол өз үлесін алмай, қоғамдық асқана қорына қосады. Автор осы қысқа әңгімесінде баланың социалистік ортақ мүддеге деген көзқарасын, коллективке деген сүйіспеншілігін, саналы қуанышын шебер суреттейді.

Бала образы класта орырған көп балаға әсіресе, Жарқынға мейлінше ұналы. Өзіміздік дегенді білмей өскен жас бүлдіршіндер оған өз бейнелерін көрді.

Жақып әңгімені талдауға балаларды түгел қатыстыруды көздеді. Мұнысы өте сәтті болып шықты. Балалар талқыға қызу араласып, әрқайсысы өз пікірін айтып жатыр. Олардың берілгендігі сондай: біріне-бірі сұрау қойып, кейде қызыға таласып, қысылып-қымтырылмай, ойлағыларын еркін ағытты.

Мападан бері талқыға араласпай, енжар тыңдап отырған Тұяқ та бір сөздің інінде өз пікірін айтып салды.

Егорканың ісі бәрімізге өнеге деген Жарқынға ол қарсы шықты. «Мұнда ешқандай ерлік жоқ» — деді ол. Тұяқ десе төзбейтін Жарқын, оның мұнысына шамданып қалса да, білім, ұғым жағынан шендесе алмайтын адамның жекпе-жекке өзі тіленіп ұрынағанына рахаттанып кетті.

— Егер бір үлкен олжаға кешелсең — сен қайтер едің? Өзің алар ма едің, колхозға берер ме едің? Әуелі осыған жауап берші, — деді ол Тұяққа.

Егеске жаны құмар Тұяқ берілмеді.

— Сен өзің қайтер едің? — деп қарсы сұрақ қойды ол.

— Мен, әрине, колхозға берер едім.

Сұраққа дереу Жақып араласты.

— Өзің алмай, колхозға не үшін бересің, осыны апа кет Жарқын.

— Колхозға берсем — өзім алғаным. Колхоз мүлкі — менікі. Колхозда болса мен тарықпаймын ғой.

— Колхоз болмаса — біз бүйтін оқый да алмас едік қой, — деді Әйтең оның сөзін қостап.

— Міне, міне Жарқын мен Әйтең дұрыс айтады. Біздің жеке басымыздың өмірі колхоз өмірімен тікелей байланысты. Колхоз байлығы — әрқайсымыздың байлығымыз, колхоз мүлкі — әрқайсымыздың мүлкіміз. Солай емес пе?

— Солай, солай, — деп балалар шу ете түсті.

Сөз араласып, Жарқынның сұрағынан оңай құтылып кеттім деп отырған Тұяқтың жолы болмады. Жарқын оған қайтып оралды.

— Сен жауаптан тартынамысың, шыншынды айтып деп басқалатты Жарқын оны.

— Тартынатын мен бе?

Класс түгел Тұяққа паралды.

— Сен, әрине, өзің алар едің, — деп сыбырлап жанында отырған Сейтең оған.

Тұяқ қысылайын деді. Жалтаруға болмады. Онысын

Сейтең біліп отыр. Мұғалімнен кенегеннен сен өтірік айттың деп ол шыға сала келуі хақ. Осыны ойлаған ол:

— Мен өзім алар едім! — деді.

Балалар ду күлісті. Оларға бұл сөз үлкен сәсет сияқты көрінді. Біреулер:

— Дүние қоңыз.

Енді біреулер:

— Сараң, — деп мысқылдайды.

Ақырын айтылған барлық сөз қатты сөйлейтін репродуктордай Тұяққа анық естіліп, шаншудай қалалып барады.

Бұрын класта, балалар арасында өзін өзгеше білік санайтын Тұяқтың дәл осы арада сағы жамап сынды. Егескен Жарқын бой төңестіру былай тұрсын, оған жоғарыдан қарап, менсінбейді, жұрт көзіне жексұрын өтіп сықақтайды. Оны қостан басқалар да мұны ажуалайды. Оларға мұның ниеті оған, ерсі, сәлекет жатыр. Класта мен қожамын деп бір өзін мыңға балап жүрген оның көзге шыққан сүйелдей жеке қалуы бойға үлкен сын болып мүлде келіспей тұр. Батылдығын көрсетемін деп — осалдығын аңғартты. Оған серік аз екен. Ал анау мұғалім ғой айызы қанып отыр.

Осы сияқты неше түрлі ызалы ойлар келіп, не істерін білмей іштей булығып отырған Тұяққа ақыры арашаны да сол мұғалім болды.

— Сендер күлмендер, — деді ол балаларға, — Тұяқ ынғайсыз болса да, шыншын айтты. Ал шыншынды тайсалмай айту — ерлік. Рас, ол біздің өмірімізді жете ұға алмай келген. Оға емес, әлі-ақ түсінеді, бізше ойлайтын болады, кемшілігін де жояды. Ол сауығатын дерт. Ал қорқақтық, екі-жүзділік — ем қонбайтын қауіпті ауру міне солар...

— Мен қорқақ болсам, өтірік айта салған болар едім, онда, тіпті, жалғызсырамас та едім. Бірақ, мен оны өз бойыма ар көрмедім бе? Соны бағалаған мынау мұғалім қандай әділ адам! — деді Тұяқ мектептен шыққан соң Сейтең мен Бектайға.

Олар үндемеді.

— Неге үндемейсіңдер?

— Жоқ, біз түк те батыр емеспіз. Мұғалім оны білмейді, — деді Бектай.

— Біздің кім? — деді оған Тұяқ қадалып.

— Біздер, мына мен, сен...

— Сен, әрине, түк те батыр емессің, ол қашаннан белгілі.

— Сен де батыр емессің.

Өмірі оған қарсы келіп көрмеген Бектайдың мына сөзі Тұяққа да, Сейтеңге де өте жат естілді. «Бұл не қылған батылдық» деп ойлады олар.

— Кәне, дәлелдеші! — деді Тұяқ қатты намыстанып.

— Колхоздың қайығын ұрлаймыз. Зыянымызды тігіземіз. Шын батыр болсаң — соны неге айтпадың. Ана екеуі біріне-бірі қарады.

(Жалғасы бар).

ЖАНАР ТАС

Совет адамына өзінің социалистік отанынан артық ештеңе жоқ. Отанының бақытына бола совет халқы жан аямай еңбек етеді. Әрбір адам өзінің сүйікті мемлекетіне еңбек етумен өзі үшін де еңбек ететінін жақсы біледі.

Бірақ әр дәйім мұндай болып келген еместі. Балалар, сендер патша заманында жұмысшылар мен шаруалардың тұрмысы өте жаман болғанын кітаптардан оқып білдіңдер, карттардың әңгімелерінен есіттіңдер. Ол рас, капиталистер мен помещиктер жұмысшылар мен кедейлерге жұмыс істетті, жөнді ақы төлемеді, қорлады, езді.

Ленин мен Сталин құрған коммунист партиясы жұмысшылар мен шаруаларды өздерін езушілерге қарсы бірігіп күрес жүргі-

зуге үйретті, еңбекші халықтың қорлықтан құтылуына жарқын жол көрсетті. Ленин мен Сталин, большевиктік партия бастаған жұмысшылар мен шаруалар 1917 жылы Октябрьде бостандық алу күресіне жігермен көтерілді. Олар қарудың күшімен өкіметті өз қолына алды.

Совет өкіметін орнатысымен, большевиктік партияның және оның көсемдері Ленин мен Сталиннің ұсынысы бойынша, совет халықтарын еркімен бір мемлекет — Советтік Социалистік Республикалар Одағына біріктіру туралы тарихи қарар қабылданды.

Кеменгер Ленин бізден кетерінде, республикалар одағын нығайта, гүлдендіре беру өсиетін қалдырған еді. Совет халқы Ильичтің бұл өсиетін адал орында-

дап келеді. Республикалардың өзара тату-тәтті семьясы бір-біріне жігермен туысқандық көмек көрсете отырып, барған сайын нығайып гүл-гүл жайнап келеді. ССР Одағы құрылғаннан бері 28-ақ жыл өтті. Осы уақыттың ішінде ұлан-байтақ Совет Одағы республикаларының семьясы 4 тен 16 ға жетті.

ССР Одағының кең байтақ жерінде Советтік социалистік республикалар бірімен бірі қоныстас, іргелес, достығы жарасып шат өмір сүреді. Сол барлық республикалардың әр қайсысының өзінше өзгешелігі, артықшылығы бар. Солардың бірі — Советтік Эстония. Онда басқа жерде жоқ жанар тас — сланец бар. Жанар тас деген очерк соны әңгімелейді.

Біз жүріп отырып жанар тастың бір жақбарына келіп жеттік. Бұл қара күрең тасқа үңіле қарап, табиғаттың жомарттығына хайран болып біраз тұрдық. Бұл тас паровоздардың, завод-фабрикалардың қазанын қыздырады, жергілікті халыққа отын болады. Ол тас Советтік Эстониядан шығады, сланец деп аталады.

Бұл жанар тас Эстония ССР-ның бүкіл солтүстік жағалауын алып жатыр. Бұл не деген ең байлық десеңізші!

«Бява — 2» шахтасының директоры Уйт жолдастың кабинетінен біз бір шағын кітапша көрдік. Бұл кітапша Эстонияда буржуазия үстемдігі жүріп тұрған кезде басылып шыққан екен. Ол кітапша — жанар тастың буржуазия заманында қалай шығарылғанын әңгімелейді. Кітапшаны ашып қарай бергенімізде: — Мына суретке қараңыздар, міне жанар тас бұрын осылай шығарылатын еді, — деді Уйт жолдас.

Суреттен үлкен үңгір көрінеді. Сол үңгірден жұмысшылар тасты қолымен көтеріп шығып келеді. Мұнда ең ауыр жұмыс — тасты тиеу жұмысын әйелдер орындап жүр. Оның себебі: әйелдерге жалақы ерлерден аз төленген. Суреттің бірінде тас бұрғылау жұмысы көрсетіледі. Бұрғылау жұмысының барлығы қолмен істеледі. Жұмысшылар тастың арасына сынаша қыстырылып, қыйнала кенді бұрғылайды. Бұл қуысқа әуе келер саңылау да шамалы. Бұрғылаудан көпсыған тастардан тозақ көтеріліп жұмысшыларды тұншықтыра түседі. Және бір суреттен жанар тас тиелген вагонеткаларды 2—2,5 километр жерге жылту сүйреп жүрген жұмысшылар көрінеді.

Кен газетінің редакторы, бұрын, 1926 жылдарда осы шахтада тас қопарушы болып талай азапты басыпай келірген Каарель Ранник өткен күнді еске түсіріп былай дейді:

— Қопарылған тасты өзім жыйнайтынмын, забойдың тіреуін өзім тірейтінмін, жолды өзім жөндейтінмін. Мұның үстіне күрекке, қайлаға, жарғыш материалға деп, алатын мардымсыз жалақымен қожайын ақша ұстап қалатын. Міне бұрынғы шахтердің өмірі осындай болған.

...Міне біз енді сол бұрын Каарель Ранник жұмыс істеген шахтаға да келіп кірдік. Біздің жапымыздан жанар тас тиелген электр поездар зумдап өтіп жатыр. Темір жолдың екі жағын қулай темір астаулар (конвейрлер) теңселе уатылған тасты анарып үлкен орға құйып жатыр. Айналасы аңдыдаған ауа тазартқыш, олардан даланың самал желі еседі. Шахтаның ішіндегі ауа сырттағыдай.

Бізді, бесжылдық жасарымыз 1948 жылдың октябрінде-ақ орындап шыққан маңдай алды забойщик Теодор Руалль бастап келеді. Ол қолындағы карбит шамымен айнала бір орағытын:

— Мына электр поездары да, ана уатылған тастарды теңселе анарып төгіп жатқан темір астаулар да, күшті ауа тазартқыштар да — мұның барлығы соңғы үш жарым жылдың ішінде пайда болғандар. Немістер кетерінде мұндағы көп жарылғыш заттарды құртты да, бір бочка жанар майға от қойып шахтаны өртеді. О, дегенше өрт жалыны бүкіл жер астын кеуледі. Халық шахтаны өрттен аман алып калуға ұмтылды.

Үш ай бойы өртпен арналыса жүріп шахтаны аман алып калуға тырыстық. Ақыры аман алышта қалдық-ау!

Кәзір «Кява — 2» ең алдыңғы қатарлы шахтаның бірі. Жақсы механикаландырудың, еңбекті дұрыс ұйымдастырудың және Теодор Руль сыяқты адамдардың жан аямай еңбек етуінің арқасында бұл шахта 1949 жылдың январында-ақ ноябрь айы есебінен өнім бере бастады. Ол бесжылдық жоспарды 3 жыл 10 айда орындап шығуға уәде берді. Бұл уәдесін шахтаның орындауы кәміл.

Үкметіміз 1945 жылдың 10 июнінде, соғыстың біткеніне бір ай болысымен Эстонияның сланец өнеркәсібін бес жыл ішінде толығымен қалпына келтіру туралы қаулы алған еді. Бұл қаулыда жалпы қуаты 11,3 миллион тонналық жаңа шахталар салу да белгіленді. Жанар тастан газ айыратын завод салу ұйғарылды, ол газ жанар тас өнеркәсібінің орталығы Кохтла-Ярва қаласынан 262 км жердегі Ленинградқа түтікпен жеткізілу белгіленді.

Мұндай заводтың ең біріншісі Октябрь революциясының 31 жылдығы жарсаңында газ бере бастады. Бұл заводтың газы жер астындағы түтікпен Ленинградқа келіп те жетті. Ленинград бұл күндері газ жағатын болды. Бұл жанар тастан газ айырып, оны алыс жерге түтікпен жіберетін дүние жүзіндегі тұңғыш завод.

Мұнда бірінен кейін бірі жаңа шахталар да салынып жатыр. Бұдан үш жыл бұрын көк майса шөбі жайқалған шабындық далаға, бұл күндері әлемі поселкелер мен қалалар қаптаған. Олардың ішінен сан қабат зәулім үйлер—шахта басқармаларының кеңселері мен элеваторға ұқсаған әдемі кен сорттау сарайлары көзге түседі. Осының бәрі соғыстан кейінгі жылдарда белгіленген өзгерістер.

10-шахта Кохтла-Ярва заводында жанар тасты 1948 жылдың сентябрінде бере бастады. Оны салу жұмысын жас кен инженері Н. К. Войцеховский басқарды. Войцеховский бұл жұмысқа келерден бұрын, 4 жыл бойы партизан отрядын бастап неміс әскерінің қалың ортасында Белоруссияда, Шығыс Пруссияда жауға ойран салды. Ол соғыс бітісімен осында келіп 10 шахтаны салды да, оған бастық болды. Шахтаның бас инженері Ю. Я. Гачаева онан да жас. Мұндағы мамандар мен жұмысшылардың басым көпшілігі комсомол жасындағылар.

Механикаға молығуы жөнінен бұл шахта бүкіл Совет Олағындағы кен өнеркәсібіндегі шахталардың ең

жақсысы. Мұнда кен қозғару жұмысынан бастап кенді тиеу жұмысына шейін механикаланған. Жанар тас груб машинамен шабылады. Бұрғылау жұмысы электр қуатымен жүргізіледі. Шабылған жанар тас барлық учаскелерде механика күшімен жыйыстырылып сыртқа техниканың күшімен шығарылады. Тас тиелген вагонетшалардың өзін жоғарыға механика тетігі көтеріп әкетеді. Бұл, Эстонияда техниканың тұңғыш қолданылу түрлері.

10-шахта жұмысты жақсы істейді және жоспарды үздіксіз орындап отырады. Мұнда еменалық тапсырманы ылығы артығымен орындайтын бригадалар көп. Бұрғышы Вильям Хейно мен Ярв Юхан, вруб машинист Лукашев пен Мавляханов, шахтерлер Пусе Артур, Немля Иванч, Эльяс Даниэл, Устал Лесигарттар жұмысты өте жақсы істейді. Міне осы сыяқты маңдай алды адамдарымыз бесжылдық құрылыстарын жедел жүргізумен нысананы жуықтата түседі.

Соғыстан кейін картаға түсіруге үлгірмеген қалаларымыз көп. Олар осы соңғы 3—4 жылдың ішінде ғана салынды. Міне осындай қалалар Балтық теңізінің жағалауында да аз емес. Олар шахта орталықтары — Ахтема, Пуру, Пыква, Сомна.

Бұл аудандарда 1948 жылы 46 мың шаршы метр тұрғын үй салынды. Осы уақыттың ішінде 5 орта мектеп 12 балалар бақшасы мен яслилері, үш емхана, ондаған дүкен, асхана, клуб, аурухана салынды.

— Мынау нағыз сәнді сарай емес пе! — дейді бізді ертіп жүрген шахтердің бірі, Пыкве қаласындағы орта мектептің үйін меңзеп. Қалада өзіңше екі-ақ көше бар. Ал, салынып жатқан құрылыс онан әлде қайда көп. Осы жылдың өзінде-ақ мұнда емхананың, балалар бақшасының, балалар яслиінің үйлері мен мейша салынып бітелі.

Туысқан одақтық республикалардың бәріндегідей Эстонияда да жаңа қалалар, шахталар салынып жатыр, жаңа адамдар өсіп келеді. Жанар тас кенінде өзінің бесжылдық жоспарын кәзірде-ақ орындап болған стахановшылар көп. Теодор Руль, Март Ояла, Пауль Оя, Виргебау, Хошпер, Ворошилов, Казаков сыяқты атақты стахановшылардың есімі бүкіл Эстонияға мәлім.

Жанар тас өлкесі — Советтік Эстония жылма-жыл гүл жайнап коммунизм салтанатын бірге мерекелеу жолындағы күресте осылайша өркендеп келеді.

М. МАЛИКОВ.



ОТАН ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҰЛЫ АДАМДАРЫ

С. В. КОВАЛЕВСКАЯ

Софья Васильевна Ковалевская — орыс халқының атакты математигі, математика ғылымының әйелдерден дүние жүзінде ең бірінші шыққан профессоры.

Математикалық ғылымдар тарихында математика, механика, физика салаларынан үздік жаңалықтар ашумен бүкіл әлемге өзінің және өз отанының даңқын шығарған әйел — орыс халқының зейінді қызы осы С. В. Ковалевская еді. Ковалевская туралы орыс авиациясының әкесі Николай Егорович Жуковский былай деген: «Орыс-халқының даңқын шығару жөнінде Ковалевскаяның сіңірген еңбегі көп».

Софья Васильевна Ковалевская 1850 жылы 15 январьда Москва қаласында туған. С. В. Ковалевская өзінің балалық шағын Витебск губерниясы Паллибино селосындағы әкесінің ата мекенінде өткізді. Сол заманның өз шамасына қарай С. В. Ковалевская жақсы тәрбие, білім алды. Софья Васильевна жас кезінен-ақ математикаға беріле шұғылданған, математиканы бар зейінмен жалықпастан құнына үйренген, тіпті математикамен шұғылданғанда басқаны ұмытып кететін болған.

Софья Васильевнаның әкесі әуелде оның математикаға еліктеуін жақтырмай, оғуына тыйым салмақшы болған. Бірақ кейіннен өзінің досы, Теніз Академиясындағы физика пәнінің профессоры Тыртов деген кісінің кеңесі бойынша ол пікірінен қайытқан. Өйткені Тыртов Ковалевскаяның математикаға өте зерек екендігін жеткізе дәлелден берген. Ковалевскаяның әкесі осыдан кейін өз қызының математикаға өте алтыр екендігін мақтаншы етіп, оны сол уақыттағы жоғары математикадан сабақ беруші белгілі оқытушы Страннолюбскийден оқытады.

Ол кезде Россияда болсын, Батыс Еуропада болсын әйелдерге жоғары дәрежелі мектепте оқуға рұқсат болмаған. Егер С. В. Ковалевскаяның университеттен лекция тыңдауына мүмкіндік берілген болса, ол әрине орыс математика мектебінің негізін салған атакты П. Л. Чебышевтың шәкірті болған болар еді. Алайда, Ковалевскаяның оқуға, білім алуға ұмтылуын, сол кездегі орыс қоғамының алдыңғы қатардағы білімпаз адамдары қолдады. Сонымен қайткенде кедергінің бө-



рін жеңіп жоғары білім алу үшін Ковалевская ешбір тосқауылға кірмей, жағдай қандай быйын болса да оқуға жол таба білді. Сөйтіп жүріп зеректігі, өжеттігі, тапқырлығы арқасында жоғары дәрежелі білім алды. Ол заманға әйелдің төп жарын шығуы, жоғары дәрежелі білім алып ғылыммен шұғылдануы, қоғам өміріне араласуға талпынуы үлкен жаңалық-прогресс еді. Ол бостандықты аңсаған жаңа идеяның бастамасы еді.

Софья Васильевна Ковалевскаяның өзі былай дейді: «Ол кез біздің жаңа идеялармен еліктеген уақытымыз еді, сол кездегі қоғам-

ның өмірі ұзақ болмайтындығына көзіміз жететін, ұзамай-ақ жаңа дәуірдің, бостандық және жаннай ағарту дәуірінің басталатынын сезіп, біз бұл дәуірге аңсай ұмтыдық және сол дәуірдің болатындығын көміл білдік». Белгілі неміс математигі Веперштраассе Ковалевскаяның математикаға алғырлығына өте таңданған, ол Ковалевская туралы былай деген: «Ковалевскаядай математикаға зерек адамды бірінші рет кездестірем, тәрізі мен көрген математиктердің арасында оған тең келері жоқ деп ойлаймын».

Ковалевская тек тұйық математик ғана болған адам емес, жер жүзі әйелдері арасынан шыққан математик ретінде ғана белгілі болған адам емес, ол өзінің басқа таланттарымен де белгілі болған. Ол математикалық зерттеулерімен, орыс ғылымының даңқын шығарумен бірге көркем шығармалар жазған адам. Қоғамдық өмірде С. В. Ковалевская әйелдер теңдігі үшін күресушілердің қатарында болды.

Софья Васильевна Менделеев, Сеченов, Бутлеров, Чебышев, Столетов, Тургенов, Достоевский сияқты орыстың атакты ғалымдары мен жазушылары ортасында болды, солардың ықпалымен жетіліп өмір белесіне көтерілді.

С. В. Ковалевскаяның математика, механика және физика салаларынан сан алуан ірі-ірі жаңалықтар ашумен дүние жүзіне даңқы жайылты. «Дербес туындылы дифференциалдық теңдеулер теориясы», «Сатурн планетасы шығыршығының формасы туралы», «Абель интегралдарының кейбіреуін эллиптік интегралдарға

келтіру туралы», «Қозғалмайтын нүктені шыр айналушы қатты дененің қозғалысы туралы есеп», «Кристалдық орталардағы жарықтың сынуы туралы», «Кристалдық ортада жарықтың тарауы» деген ол кісінің ғылыми еңбектері дүние жүзі ғылымына асыл қазына болып қосылды.

Өзінің бірінші ғылыми еңбегінде С. В. Ковалевская дербес туындылы дифференциалдық теңдеулер системасының аналитикалық шешулерінің болатындығын тағайындады. Мұнымен ол дербес туындылы дифференциалдық теңдеулердің аналитикалық теориясының негізін кұрды. Бұл теорияның тәжірибелік маңызы өте зор, өйткені физикалық және техникалық проблемалардың көпшілігінің шешуі бір немесе бір неше дифференциалдық теңдеулер системасына келтіріледі. Ковалевскаяның бұл зерттеуі математиканың осы бөлімін ілгері дамытып, онымен бірге сол бөлімді тереңдете зерттеуге себепкер болды. Ковалевскаяның бұл еңбегі дербес туындылы дифференциалдық теңдеудің өте-мөте маңызды тарауының бірі болып «Ковалевская системасы» деген атпен математика ғылымы жөніндегі дүние жүзілік әдебиетке кірді.

С. В. Ковалевскаяның докторлық ғылыми дәреже алу үшін тапсырған екінші еңбегі «Сатурн планетасы шығыршығының формасы туралы» мәселе. Мұнда Ковалевская Лапласстың зерттеуін ілгері дамытып, Сатурн шығыршығының көлденең қыймағының формасы сондықтан болатындығын анықтады.

XVIII және XIX ғасырлардағы ірі ғалым математиктер қозғалмайтын нүктені шыр айналатын қатты дененің қозғалысын зерттеумен шұғылданды. Бірақ, олар

қаншама күш салсадағы айтарлықтай нәтиже шығара алмады.

Париж ғылым академиясы механиканың осы өте-мөте керекті мәселесін шешуге бір неше рет бәйге жариялады. Бәйгеге қатысушылар, бұл мәселе жөнінде айтарлықтай нәтижелер бере алмады, сондықтан да бәйгі ешкімге берілмеді.

1888 жылы Париж ғылым Академиясы сол тақырыпқа қайтадан конкурсы жариялады. Бұл жолы бәйгі 3000 франктан 5000 франкке дейін көбейтілді. Бұл бәйге орыс халқының атақты математигі Софья Васильевна Ковалевскаяға берілді. Ковалевскаяның бұл шығармасы, ғылымды анағұрлым алға бастырған тамаша еңбек болып бағаланды, бұған төреші комиссияның мүшелері тапқалды. Ковалевскаяның бұл жұмысы туралы Н. Е. Жуковский: «Ковалевскаяның бұл еңбегі оның ғылыми даңқын бүкіл әлемге жайды», дейді.

Ковалевскаяның қозғалмайтын нүктені шыр айналушы қатты дененің қозғалысы жөніндегі ерекше бәйгі алған бұл еңбегінің кәзіргі уақытта да самолет, кеме, мотор жасау мәселелерінде маңызы өте зор.

Атақты орыс математиктері Ковалевскаяның ғылыми еңбектерін өте жоғары бағалады. Чебышевтың ұсынысы бойынша Ковалевская 1889 жылы Россия Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті болып сайланды.

Ковалевскаяның қайтыс болғанына жарты ғасырдан артық уақыт өтті, сонда да оның таланты, жоғарыда айтылған атақты ғылыми еңбектері орыс ғылымының асыл қазынасы болып, бүгінгі өмірімізге қызмет етеді.

О. ЖӘУТІКОВ,

Физика-математикалық ғылымдардың кандидаты.



«МАҚҰЛБАЙ»

— Тақта сүрткіш әкелмей,
Кешегі қайда «мақұлың».
Өз сөзінде тұруға
Жетпей ме сенің ақылың?
— «Мақұл» деп кетіп кеше де,
Жыйынға тағы келмедің.
Есіңнен шығып кетті ме,
Уәденді бергенің?..

Уятқа қалған осындай,
Дәулет деген бала екен.
Талқыға, сынға түсерлік,
Қылығы да бар екен.

Әдет бопты Дәулетке,
«Мақұл» деген жалғыз сөз.

«Мақұл» деп жүре беретін,
Пайда бопты бір мінез...

— Уқтым, — деді Дәулет те—
Сын әділ, мін де түзелмек.
Ісіме берік боламын,
Етпеймін енді сөзді ермек!
Ә. ИМАНҚҰЛОВ,

ҚЫТАЙДАҒЫ ЖАҢА ӨМІР

Оқушы пионерлеріміз жер шарының картасынан жері үлкен, халқы көп елдің бірі Қытай елі екенін жақсы біледі. Бұл елдің ертегісін қозғағанда, кәрі Қытай деп те айтатынбыз. Бұл «кәрі» деген сөзде қаншалықты ауыр хал, қаншалықты бетті басқан әжім жатыр...

Міне, енді кәрі Қытай жасарды, жаңарды, қайта жасауға кірісті. Енді «Жаңа Қытай» дейтін болдық.

Мұның мәнісі неде?

475 миллион халқы бар Қытай көп жылдардан бері өз елінің ішіндегі және шетел империалистерінің қанаушы, езуншыларымен күресіп келеді. Бұл халық алуан ауыр кезеңдерді бастан өткізді. Бірақ, Қытай коммунист партиясының басшылығымен рухтанған халық революциясы қыйындықтан қорғалаған жоқ. Азат болу арманы күрес жүріп жеңген сайын, жау жеңілген сайын іске аса берді.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы, ССРО дағы социализмнің жеңісі және совет халқының ұлы Отан соғысында Германия фашистері мен Жапон империалистерін талқандауы қытай халқының жігерін тасытты. Бұл халықтың жеңіске жетуіне жол ашты, жағдай тугызды.

Адамзаттың ұлы данышпандары сүйікті Ленин мен Сталин Қытайда революцияның сөзсіз жеңетінін, сөйтіп жаңа өмір басталатынын алдан болжап еді. Міне, енді Қытай халқы қанаушылықтан құтылды. Ол жаңа қоғамның, жаңа демократиялық мемлекеттің қожасы болды. Жаңа Қытайда жаңа дәуір басталды.

Қытай халқы өзінің айбынды

басшысы, ұйымдастырушысы және демберушісі Коммунист партиясының басшылығымен сәулетті жаңа өмірге келді. 1949 жылдың 1 октябрінде Қытайда Халық Республикасы құрылғаны салтанатпен жарияланды. Қытай Халық Республикасының орталық үкмет орындары құрылды. Қытай халқының даңқты ұлы, коммунист партиясының сынпап өткен көсемі Мао Цзе-дун Орталық Халық үкметінің председателі болып сайланды. Оның Чжу Де, Чжоу Эн-лай сыяқты халқы үшін бүкіл жігерін аямаған, көптеген жігерлі серіктері бар. Чжу Де — қытайдың Халық азаттық армиясының бас қолбасшысы, Чжоу Эн-лай қытай Орталық халық үкметінің Сыртқы Істер Министрі.

Қытай бұл кезге дейін артта қалған ауыл шаруашылық елі болып келді. Фабрика, заводтары жоқтың қасы еді. Өндірісі 10 процент қана, мәдениеті тым артта қалған мешеу ел еді. Еңбекші халық үйсіз-күйсіз бейшаралық халде күнелтті. Жер, су және басқа байланыстарды қытай буржуазиясы иеленді. Ескі үкмет Жапония мен Америка билігіне бас иіп отырды.

Көзір Қытай Коммунист партиясының басшылығымен азат етілген жерлерде халық жағдайы бірдеп-ақ өзгеріп, жақсы игілікті істер істеліп жатыр. Жаңа Қытайдың жаңа қарқыны қыйыншылықтарды тез жоя алатынын күмәнсіз сендіреді.

Қытай жерінің жаудан тазартылған аудандарында 50 миллионнан аса үйсіз-күйсіз халық бар. Демек бұларды үймен, тамақпен қамтамасыз ету керек. Немесе, Қытайдың үлкен бір ай-



Қытай Халық Республикасы Орталық Халық Үкметінің председателі Мао Цзе-дун.

мағы Гуандунда 30 миллиондай халық тұрады. Бұл жерде бір ғана тас жол бар, ол тас жолда сегіз-ақ автобус жүреді. Мұнан шығатын қортынды, 30 миллион адамның қажетін сегіз автобус қанағаттандырып, олардың ауыр халін жеңілдету алмайтыны сөзсіз. Тұрмыстың барлық ауыртпалығы бұл адамдардың иығынан әлі түспей тұрғаны түсінікті. Ол ауыртпалықты жою қытай халқының бүгін таңғы міндеті.

Қытай Коммунист партиясы ел өндірісін 10—15 жыл мерзімінде халық шаруашылығының 30—40 процентіне жеткізу мақсатын қойып отыр. Мұның мәнісі Қытайды артта қалған ауыл шаруашылық елінен индустриялы елге айналдыра бастау. Қытай Коммунист партиясы большевиктер партиясынан үлгі ала отырып, бұл қыйыншылықты жеңуге басшылық етуді қамта-

масыз ете алады. Ол кәзірдің елінде көріне бастады.

1949 жылының бірінші жартысында Фужун көмір ауданының көмір шығаруы 120 процентке жетті. Осы ауданда мұнай айыру заводы өнім шығаруды 50 процентке дейін арттырды. Қытайдың 21 мың километр ғана темір жолы бар. Бұл жолдың көп жері соғыстан бүлінген еді. Сонда да осы жылдың 10 октябріне дейін 18400 километр темір жол жөнделді.

Жаудан тазартылған аудандарда шаруалар мәселесі мүлде өзгеше жаңа тәртіптен шешілді. Осының нәтижесінде қытай халқы басқа елден астық көмегін сұрауға енді кіріптар болмайтын жағдайға көшті. Өйткені азат болған және жер алған шаруалар тамаша ықласпен еңбектепін соңғы жыл ішінде егіннен мол өнім берді.

Жаңа Қытайдың мәдениеті де жолға қойылып өркендей бастады. Бұл жұмысқа қытай жастары жігермен қатысады. Қытай жастары өзінің саяси атасы — коммунист партиясы туралы, халқының ерлік күрестері туралы жаңа өмір қуанышымен шарықтаған әндер айтады. Қытай халқының жастары дүние жүзі еңбекшілерінің сүйікті жөсемі Сталин туралы, совет халқы және совет жастары туралы сүйсіне жырлайды.

Қытайдың Халықтық Саяси Консультациялық Советінің жалпы программасында «Қытай халық республикасының мәдениеті мен ағарту жұмысы жаңа, демократиялық сыйпатта болуы керек, яғни түрі жағынан ұлттық, мазмұны жағынан ғылыми және сыйпаты жағынан халықтық болуы керек» делінген. Міне мәдениет мұнда осылай өркенде- мек.

Бұрын қытай халқы түгелдей дерлік сауатсыз болатын, 10 мың үйге мықтағанда 6—10 оқушыдан келетін. Осының өзі-ақ ес-



кі Қытайдың мәдени-ағарту жұмысының қайғылы халін түсіндіреді. Ал кәзір жағдай мүлде өзгеше. 1947 жылы Қытай жерінің азат етілген төрттен бір бөлегінде ғана оқуға тартылған адамдардың саны, соғысқа дейінгі бүкіл Қытайдағы оқушылардың мөлшеріне жетті. Мектеп саны мен оқушылар санының өсуі кәзір мынадай: Манчжурияда 1948—49 оқу жылында 30 мың бастауыш мектеп пен 235 орта мектепте сабақ жүрді. Бұларда оқыптын балалардың саны 3 миллион 600 мың. Солтүстік Қытайда 50 мыңнан астам бастауыш мектеп ашылды, бұл мектептерде 3,5 миллион бала оқыды. Бұл мәлімет бойынша әрбір 10 мың адамның бір мыңы оқушы.

Совет Одағы мен Қытай Халық Республикасы халықтары арасында достық ертеден басталған. Совет халқы бостандыққа жет-

кен күннен бастап-ақ қытай халқының бостандыққа, бақытқа жетуіне әр қашан тілектес болды. Сондықтан Қытай Халықтық республикасы жарияланған күннен бастап, оны ең бірінші болып Совет Одағы ресми түрде үкмет деп таныды. Кәзір Қытай Халық республикасын СССРдан басқа көп мемлекет ресми түрде таныды.

Қытайдағы халық азаттық күресінің ұлы жеңістері соғысқулар империализм жауыздардың ішіне қан қаттырды. Ағылшын-американ соғыс өрті тұтаңдырушылары қытайдан үміт үзді. Олардың бұл күште шейін Қытайдағы тірегі болып келген голландан үкметі талқандалды. Соғыс құмар империалистердің Қытайды пайдалануына санылау болмай қалды.

Жаңа Қытай жаңа дәуірдің жаңа жолымен нық аяқ басып алға қарай өрледі. Қытайдың бақытты халқының жүрегі толған қуаныш, бойында бақыттылықтың жаңа қызуы бар. Келешегіне жаңа Қытай берік сенеді. Енді жаңа Қытай демократиялық және қоғамдық ұлы өзгерістер жасап, коммунист партиясының басшылығымен феодалдық тәртіптердің қалдықтарын жояды, жаңа жолмен дамып бірте-бірте социализм жолына түседі.

Р. БӨЛЕКБАЕВ.



Класс жетекшісі

Қарағандыдағы 3-ербайылар орта мектебінің 5-класс жетекшісі Дрыгваль Анна Михайловнаның есімін оқушылар әрдайым құрметпен атап, ол жөнінде сүйсінген ниетпен әңгіме етеді. Білім беріп, өнеге үйретіп қана емес, сонымен бірге, әр оқушының әлде-бір кірбін тартқан қабағын, көңіл күйін танытып, қуаныш-ренішіне ортақтаса білетін бұл кісіні тәрбиеленушілер шын жүректен сүйеді.

Анна Михайловна өз шәкірттерінің білімді, саналы, ұлгілі, іскер болып өсуін тілейді. Сол ізгі жолға бастайды.

— Өз ата-анасын қадірлей білген, олардың қамқорлығын ұғып, бағалай білген оқушы басқаларды да құрметтей біледі. Бұл әрбір жас адамның өмір ережесі болуға тиісті, — деп аяқтады ол жуырда оқушылар арасында өткізген бір әңгімесін. Әңгіме сондай қызық өтті. Анна Михайловна күнделікті үй іші өмірінен мысалдар келтірді.

— Бір күні, — деді ол сондай әңгіменің бірінде, — варт шахтер дүкеннен бір костюмді: қымбат мата сатып әкелді. 5-класста оқыйтын баласы кездемені көріп отырып:

— Мұны кімге алдың? — деп сұрады.

— Сендерге алдым, — деді әкесі.

— Жоқ, мұны, өзің ки! — деді бала. Менің костюмым әлі жаңа. Ендігі жолы анамды ескер. Оның да костюмі тозып келеді ғой... Өздерің айтындаршы, бұл ата-анасын шын құрметтейтін, жақын көретін баланың өзі емес пе...

Осы тәрізлес әңгімелерді Анна Михайловна әрбір жеті сайын, сембі күні өткізіп отырады. Әңгіме 20 — 30 минуттан арттыққа созылмайды.

Бұл әңгімелердің тақырыбы оқушылардың мінез-құлқына, әдет-ғұрыпына, оқу-тәрбие жұмысына байланысты мәселелерді қамтыды, оқушыларды ұлы көсемдеріміз Ленин мен Сталиннің тамаша өмірлерімен таныстыруға, олардың ұлы ісін сүйеге, отанды сүйеге баулуға арналады.

Оқу жылы басталғаннан бері класс жетекшісі «Ата анаға көзқарас», «Қызыл галстук», «Сыпайлық туралы», «Сталиннің балалық шағы», «Батырлық жөнінде» және т. б. тақырыптарда әңгіме өткізді.

Бұл класста 38 бала оқыйды. Оның 30-ы пионер. Анна Михайловна пионер жұмысына ерекше көңіл бөледі. Ол, класста оқу-тәрбие жұмысын жақсартуға, тәртіпті нығайтуда пионер ұйымы мұғалімдерге үлкен тірек деп біледі. Сондықтан, пионер жұмысына күнделікті басшылық етіп, бағыт беріп отыру — оқушының, әсіресе, класс жетекшісінің міндеті, — дейді мұғалима.

Отряд советі жасаған жоспарды класс жетекшісі алдын ала қарап шығып, өзгеріс енгізеді, нақты ке-

нестер береді. Отряд жыйын өткізуге, немесе арнаулы бір мерекеге әзірленсе де, тіпті қабырға газетін шығарарда да Анна Михайловна ақыл қоспай, кеңес бермей қалмайды. Қандай жұмысты жүзеге асырса да әуелі класс жетекшісінің ақылын тыңдап алу отряд советінің председатели Зизоронның әдетіне айналған.

Жаңа, тың шаралар белгілеп өткізуді Анна Михайловнаның өзі ұсынып отырады.

Соңғы бір кезде кейбір оқушылардың ұқыпсыздығы байқалды. Сабаққа біреу галстуксіз, біреу түймесіз келіп жүрді. Мұғалима отряд вожатыйына пионерлер арасында ұқыптылық жөнінде әңгіме өткізуді ұсынды және бұл жөнінде оқыйтын материалдарды көрсетіп берді. 2—3 күннен соң, әңгіме өткізілді.

— Ұқыпсыздық еңбек етуге талпынбаудан, ақсаусақтықтан туады. Ақсаусақ адам, әдетте, жалқау болады. Айталық, Васянің пиццагінің түймесі үзіліп қалды. Вася ұқыпты болса, соны өзі-ақ қадап алар еді, амал қанша, ол ақсаусақ, қолына ине ұстауға икемі жоқ...

Вожатыйдың бұл сөзін есіткен әр пионер «өз үстібасым қалай осы?» — дегендей өңіріне қарасты.

Кәзір галстугі ұқыпсыз тағылған яки түймесі үзілген пионер, оқушы мұнда сирек кездеседі. Ондайлар бола қалған күнде класс жетекшісі:

— Сендер әнеу күні ұқыпты боламыз дегендерін қайда? — дегенді ескертеді. Міні бетіне басылған жас жеткіншек өз кемшілігін тез түзетеді.

...Сабақ аяқталарда оқытушы балаларға: «Орыс суретшілері» деген альбом жасайық, бұл үшін сурет жыйнақтар деген тілек білдірді.

Ертеңінде орыстың Репин, Шишкин, Серов, Суриков, Левитан сыяқты суретшілерінің картиналарын оқушылар бір-бірімен әкеп жатты.

Кәзір оқушыларға көп мағлұмат беретін альбом 5-класс төрінде ілулі тұр.

...— Анна Михайловна, қабырға газетіне көп мақала түсеті, бүгін қарап берсеңіз... — деді редактор Ачшаков сабақ арасындағы үзілісте.

Мақалаларды қолма-қол оқып шыққаннан кейін класс жетекшісі әр мақалаға жеке тоқтап, қайсысын қалай жөндеу керектігін айтты.

— Лужниковтың қазақ тіліне көңіл бөлмей жүргені жайында мақала дер кезінде жазылған, әлі жазылған. Бірақ, мақала ұзақ, шұбалаңқы, қысқа жазу керек. Газеттің мазмұнына зейін аударыңдар.

Басқа мақалалар жайында да осындай нақты кеңестер айтылды. Газеттің кезектегі номері шыққан соң, Лужников сыңға түсті. Ол отрядтың өз жолдастарының абройына кір келтіріп жүргенін түсінді. Бұл кемшілігін жоюға уәде берді.



Қабырға газеті айына екі рет үздіксіз шығып тұрады.

Анна Михайловна пионерлердің білімін байытуға, ой өрісін кеңейтуге көп көңіл бөледі. Бұл кластың оқушылары оқыған кітабының мазмұнын, кейінкерлерін, кітаптың түпкі идеясын қойын дәптерлеріне жазып отырады. Оқушылардың қандай кітап және қалай оқыйтындығын тексеріп отыру — Дрыгвальдің көптен қолданып келе жатқан әдісі.

— Хафизов өткен жетіде не оқыдың? Мазмұнын айтшы. — деген сыяқты кенет сұрақтарға мүдірмей жауап беруді оқушылар өздеріне аброй санайды. Оқытушы кейде бір кітапты оқып келуді, оның мазмұнын қысқаша айтып беруді бір пионерге тапсырады. Әзірленген оқушы сабақ соңында өз жолдастарына әңгімелеп айтып береді. Бұл оқушының тілін байытуға, білімін көтеруге көп көмек береді. Осындай әдіспен М. Прилежаеваның «Жолдастарың өзінмен бірге», П. Павленконың «Далаға нұр құйған күн», Б. Полевойның «Нағыз адам туралы повесть» тәрізді кітаптармен 5-класс оқушылары түгел танысты. Бұл арала балаларға шамадан тыс тапсырма бермеу жағын жетекші қатты ескеріп, аманатты есеңке алып отырады.

Оқушының сабақ үлгеруі, мінез-құлқы, тәртібі, бойындағы міні жөнінде Анна Михайловна ата-аналармен жиі кеңеседі. Бұл үшін оқытушы пионердің үйіне әдейі іздеп те барады, класс жетекшісіне ата-ана өзі меледі, жыйналыстарда кеңеседі.

Класс жетекшісі ізәкірттерінің қамын осылай ойлайды. Ал оқушылар да ол кісінің қамқоршылығына жақсы оқын, жақсы азамат болып өсумен жауап беруге ұмтылады.

М. МАРАЛДИН,

Қарағанды, 3-орта мектеп.

ЖЕР, АҚЫЛ, ШЫНДЫҚ ТУРАЛЫ БАЛАЛАД

Атақты Галилео Галилейді —
Ғалымды шыққан өрен кім білмейді.
Қытымыр заманында көрсе де азап,
Жауына жалбарынып бас имейді.
Николай Коперниктің жақтап жолын,
Ғылымда надандықтың бұзды торын.
Жер күнді айналуын дәлелдеді,
Ашты ол айдың сырын жұрттан бұрын...

Өз жолына ғалымның беріктігін,
Көтергенін заманның ауыр жүгін,



Баяндайтын аңыз көп ел аузында,
Соның бірін айталық біз де бүгін.

I

...Аяғына шынжырлы кісен салып,
Таңба басып тәңізе темір қарып.
Ерді өртеп өлтірмек боп өңшең дүлей
Отырды ақырғы рет жауап алып.

Сақалын сыйлап қойып сонда ғалым,
Надандардың соттапты сөзбен бәрін.
«...Күнді жер жылына бір шығады орап
Бұзуға дәл бұл заңды келмейді әлім.

Мен емес, жер құдайға бағынбаған,
Бас имеген, тағзым ғып табынбаған.
Олай болса сол жерді соттаңыздар,
Жанылмаңдар жаласын жауып маған».

«Жөн сөз.» — деп, дүлей жандар айғай салды.

Тұтқыннан босап ғалым кетіп қалды.
«Усталсын, сотталсын жер» — десіп олар,
Таратып жатты әлемге тың хабарды.

II


Надандар іздеп жерді таба алмапты.
Түрмеге Галилейді қайта жапты.
«Айт бізге, кетті қайда жер жоғалып,
Жасырып отырсың.» — деп қысып бақты.

Тағы да сабыр сақтап сөйлеп галым,
 Қаратып ауызына отыр бәрін.
 «...Жер сырын зерттеп білген асқақ ақыл,
 Айыпты емес бұған менің тәнім.
 Сол ақыл шеркеуге де бағынбаған,
 Тағзым ғып кұдайға да табынбаған,
 Олай болса, ақылды соттаңыздар,
 Адаспандар жаласын жауып маған».
 Есерлер, «жөн сөз» десіп тағы кетті.
 Ғылымға «сен айыпты емес»—депті.
 «Ұсталсын, жазалаисын айыпты ақыл»,
 Деген хабар дүниеге тез-ақ жетті.

III

Ақылсыздар ақылды таба ала ма,
 Түрмеге әдегінше түсті дана.
 «Жер мен ақыл екеуін жасырдың»—деп
 Шуылдақтар тағы да жапты жала.

Баптанен сөз бастады бұл жол
 Ғалым,
 Уйытып әр сөзіне отыр бәрін.
 «Күнді жер айналуын ашқан
 ақыл,
 Бұл шындық, ката деуге бар-
 майды арым.



Сол шындық кұдайға да бағынбаған,
 Бас иіп надиндыққа табынбаған,
 Сол шындық алдарында тұрған менмін,
 Қолданындар ең ауыр жаза маған.
 «Сен—Галилей, сен емес, шындық залым,
 Қайт үйіне, азаттық саған, галым.
 Шындықты біз табамыз, шынжырлай-
 мыз.»—

Деп, есерлер шындыққа төкті зәрін.
 Қартайды, қажыды әбден, ғалым өлді.
 Есерлер моласына тағы келді.
 «Жер, ақыл, шындық және Галилейді
 Ұрлады.» — деп, тергеуге алды көрді.
 Мола жауап қатпады, мазақ етті.
 Шуылдасып есерлер тарап кетті.
 Шындық күліп оларға қала берді..
 Соная бері үш ғасыр меңгіл өтті.

Өзгеріп өмір мүлдем кетсе-
 дағы,
 Заманы есерліктің өтседағы,
 Коммунизм шындығын соттай-
 мыз деп,
 Даудығып жүр Черчилльдер
 бүгін тағы.
 К. ЖАРМАҒАМБЕТОВ.

ЖАҢА КІТАП

...Ұзақ жолдың үстінде сары
 тайын сабылтып, бір жас бала
 келе жатыр. Баланың беталы-
 сы — Алматы, мақсаты — онда ба-
 рып, оқуға түсу. Жолы онша
 алыс болса да, сары тайы қанша
 сараң басса да, бала шаршамай-
 ды, шалдықпайды. Өйткені,
 оның үміті зор, сенімі берік.
 Мұны ақын:

Қанша қыйыр жол жүрсек,
 Шаршамадым мен бірақ.
 Қарсы алдымнан келешек
 Шақырғандай қол бұлғап,
 деп суреттейді.

Ақынның бұл жыйнағына
 оның балаларға арналған 20
 шақты ұсақ өлеңдері мен «Ана
 әлімесі», «Бөбек жүрегі» деген
 екі дастаны кірген. Ақынның
 жыйнаққа кірген өлеңдерінің
 барлығы да «сәбидің шағын кө-
 ңіліне» шағындалып, «оның са-
 раң санасына» лайықталып жа-
 зылған. Ақынның қай өлеңін
 алсаң да, мазмұны терең, көр-
 кемдігі жоғары болып келеді,

„БӨБЕК ЖҮРЕГІ“

әрбір сөзі тілге жеңіл, жүрекке
 жылы тиеді. Оның үстіне ақын-
 ның бала әлемін, оның ішкі се-
 зімін көңіл күйін, мінез — құлқы
 жақсы білетіндігі байқалады.

Ақын «Ұстаз» деген өлеңінде
 жас балалардың тәрбиешісі,
 шын досы—мұғалімнің ұстаздық
 еңбегін ерекше бағалайды. Ұ-
 стаз алдын көрген әрбір адам-
 ның оның алдында ұса борыш-
 ты екенін айтады. Ал, «Ана
 көркі» деген өлеңінде ананың
 өмірдегі ерекше орнын атап көр-
 сетеді. Ананың өмірге нелер ба-
 тыр ұлдар мен қыздар беретінін,
 бұлар ана көркі екендігін айтады.

Ғали «Бөбек жүрегі» деген
 дастанында бір командирдің өн-
 гімесі арқылы онбір жасар жетім
 қыздың Ұлы Отан соғысы кезін-
 дегі аянышты ауыр қалын баян-
 дайды. Жас қыз нелер үрейлі
 ауыр күндерді басынан өткізеді,
 же-шекшесі өліп, жетім қалады.
 Бірақ, ол сондада Владимир
 Ильич Лениннің суретін көзінен

таса қылмайды, әрқашанда тес
 қалтасында сақтап жүреді.
 Ленин суреті оның жас жанына
 жәрдем беріп, көңіліне қуат құ-
 ып тұрғандай болады. Ақын бұл
 дастанында сүйікті көсеміміз,
 ұлы ұстазымыз — Владимир
 Ильичке деген совет балаларының
 шексіз сүйіспеншілігі мен беріл-
 гендігін көрсетеді, совет жастары-
 на Ленин рухының қайда жүр-
 се де қуат беріп, демеу болатын-
 дығын айтады.

Балалар, ақын Ғали Орманов-
 тың «Бөбек жүрегі» атты өлең-
 дер жыйнағы—сендер үшін құнды
 кітап. Бұл кітаптан сендер Отан-
 ды, көсемді сүйеді, ананы қадір-
 терді, мұғалімді құрметтеуді та-
 ны басқа толып жатқан ізгі қа-
 сиеттерді үйренесіңдер. Ана-ағала-
 рыңның майдандағы батырлығы
 мен еңбегі ерлігін оқып біле-
 сіңдер. Сондықтан бұл кітапты
 оқып шығуға, жекедеген өлеңде-
 рін жаттап алып, тақпақ етіп ай-
 туға асығындар.

Б. СҚАКОВ.



Біздің

ПОЧТА

УАЛІАІ ОТРІА

Оқу жылының басында IV-А класының пионерлері Шамкен Алтаеваны Әлия Молдағұлова атындағы 1-отряд советінің председателі етіп сайлады. Сол күннен бастап ол отряд жұмысын мықтап қолға алды. Отряд класқа тәртіпті күшейтуге, оқушылардың сабақты жақсы үлгірулеріне ұйтқы болуға, сөйтін мұғалімдердің жауынгер көмегінсіне айналуға күш салды; өзінің барлық жұмысын осы мақсатқа негіздеді. Отряд жыйынында «Күнделікті уақытты тәртіппен ұйытқы пайдалану», «Үлгілі звено вожатыйларының іс тәж-

рибесі» деген сыяқты нақты мәселелер қаралды. «Дала пионері», «Көпіді жүзу» кинофильмдері жайында және Франция еңбекшілері балаларының қайыршылық өмірі туралы қызықты лекциялар өткізілді.

Сонымен қатар, отряд пионерлері түрлі үйірмелерге белсене қатнасады. Олар «Герб» атты әдеби монтаж дайындап, сахнада жақсы етіп көрсетіп берді. Бұл сауық кеште болған мектеп оқушылары ойынға қатты сүйсіні.

Отрядта 27 пионер бар. Олар 3 звеноға бөлінген. Звено вожатыйлары: Аянова, Исақанова, Қарағұлова оқуда үздік, тәртіпті.

өнегелі оқушылар. Олар өзінің жеке басымен де басқаларға үлгі көрсетеді.

Отряд пионерлері оқу жылының алғашқы жарты жылдығын жақсы нәтижелермен аяқтады. Сабақ үлгірмеген бірде-бір пионер болған жоқ.

Мектептегі дружинаның жалпы жыйыны I-отрядтың жұмысын жақсы деп атап көрсетіп, оның председателі Алтаеваға алғыс айтты.

С. Қанашев,

Павлодар қаласы, № 10 қазақ орта мектебі 10-класының оқушысы.

АЛҒАШҚЫ АДЫМ

Без бөлме электр жарығына бөленіп, жайнап тұр. Бөлме ілті толған жастар. Бәрінің де жайдары жүздерінен салтанатты жауапкершілік аңғарылып, әлденендей маңызды мәселе шешіледі отырған тәрізденеді.

Бұлар комсомолдың 30 жылдығы атындағы орта мектептің комсомол комитетінің жалпы жыйналысында отырған комсомолецтер еді. Комитет те жас, оның мүшелері де кеше ғана пионер қатарында тәрбиеленген кілең жастар болатын. Комитет құрылған күннен бастап әрбір комсомол мүшесі ұйым қатарын толықтыру мақсатымен жасы жеткен, таңдаулы пионерлерді комсомолға тартуды оларды комсомолдың устав, программасымен таныстыруды, олардың арасында

саяси-тәрбие жұмысын жүргізуді қолға алған. Соның ішінде комсомолка Флора Алинова комсомол қатарына 6 пионерді тәрбиелеп қосты.

Бүгінгі жыйналыстың соңғы мәселесі де комсомол қатарын өсіру туралы еді. Бұл мәселеде Алинованың аты айрықша аталып, оған алғыс жарияланды.

Кәзір Алинованың дайындаған пионері сыннан өтпек, комсомолға алынбақ. Міне, есік ашылып, пионер Айболатова кірді. Ол отырғандарға бас иіп амандасып, көпшілік алдына барып тұрды. Содан кейін, оның толтырған анкетасы, комсомол қатарына алууды өтінген арызы оқылды. Арызда: «Мен, Айболатова, 1943 жылдан пионер қатарында тәрбиелендім. Бірінші кластан бастап өте жақсы оқыдым. Енді жа-

уынгер комсомол қатарында тәрбиеленіп, шыңдалып өскім келеді. Отанның адал азаматы боламын. Қасиетті комсомол атына кір келтірмеймін, үлгілі комсомолка болуға жан-тәнімді саламын», — депті.

Болашақ комсомолка көпшілікті өзінің өмірімен таныстырды. Комсомолдық шыңдаудың алды да енді басталды. Айболатоваға комсомол уставынан, кәзіргі халықаралық жағдай жайынан бірнеше сұрақтар берілді. Ол бұл сұрақтарға іркілмей жауап берді. Комсомолецтер оның саяси сауаттылығына, жігерлі жас екеніне сүйсінді.

Осыдан кейін Айболатованың болашағы таққыға салынды. Сабын келгенде жыйналыс оны комсомолға алынсын деп қаулы етті.

...Міне, қалалық комсомол комитеті үйінен Айболатова шыға келді. Оның қолында комсомол билеті бар. Ол Кішкентай сұр билетке күлімдеп қарайды. Оның көзіне ең алдымен Ленин суреті шалынды. Кешегі комсомолецтер алдында берген серті — Ленинге берген атындай елестеді. Ленин оған: «Оқы, оқы және оқы» деп тұрғандай көрінді. Кішкентай жүрекке құйылған осы бір зор жауапкершілік Айболатованы аяғын ұшынап басырды да, ол жүгіре жөнелді.

Е. Бейсенбаев,

Комсомолдың 30 жылдығы атындағы орта мектептің 9-класс оқушысы. Талдықорған қаласы.



★
Алматы қысы.

Фото-этиюд

П. Редькоңікі.

★

АНА ҚУАНЫШЫ

Демалыс күн. Кешкі сағат сегізде колхоздың бйызы салынған зәулім клубында мектеп коллективімен ата-аналардың бас қосқан жыйналысы жүріп жатты. Алдыңғы катарда Айжан ана отырды. Ол қасындағы Асан, Кеңес, Тілектес атты балаларына асқан мейіріммен күлімсірей қарап қояды. Бұл үш баласының ең үлкені—Асан бйыыл он үшке, егіз туған Кеңес пен Тілектес торызға шығады.

1941 жылдың күзінде Айжанның ері Отан соғысы майданына аттанып, 1944 жылы Ленинград майданында жауға қарсы ұрыстарлықпен қаза тапқан еді. Әкесі ел қорғауға аттанғанда, іште қалған Кеңес пен Тілек бйыылғы оқу жылында алғашқы рет мектеп есігін ашқан болатын. Міне, олар да оқушы ретінде жыйналысқа келіп отырғанын көреміз.

Оқу бөлімінің меңгерушісі Есе-

тов жолдас жақсы оқыған балалардың атын атап, үздік оқығандарға сыйлық беруге кірісті. Ата-аналар қайсысының баласы топтан озғандығын білгісі келіп, көздерін президиум столына сабырсыздана тігеді.

— Сабақты үздік оқып, тәртіпті болғаны үшін Тілектес, Кеңес Тілеулиндерге сыйлық беріледі дегенде манадан бері көзжазбай қарап отырған Айжан ананың құлағы елең ете түсті.

— Мен әрқашанда өте жақсы оқыймын, — деді Тілектес сыйлықты алып тұрып.

Міне, Асанның да аты аталды. Үздік оқыған балалар сыйлықтарын алып та бітті. Жыйылыста жабылды. Жұрт аз үзілістен кейін болатын сауық кешке аялдды.

— Айжан — деді көршілес отырған, қой фермасының аға шопаны Дүйсен қарт, — үш балаң да үздік оқып, сыйлық алған қуанышыңа ортақпын.

— Ата, — деді Тілектес, —

сізге мына дөңтер мен қызыл қарындашты сыйлаймын. Бұл сізге қой сапың жазуға, есептеуге өте қажет.

Қарт сыйлықты алып балаға рахмет айтты.


Айжан ананы замандастары да қоршап алған. Бәрі де қуаныштарын білдіреді. Үш баласы бірдей сыйлық алған ана бойын мақтаныш сезімі білген, қуанышқа бөленді. Ешбір жетімдікті көрмеген, халық қамқорлығына бөленген бақытты бобектерінің қуанышты өмірі шат тұрмысы оның көңілін тасытты.

— Ана мен балаға аталық қамқорлық жасап, бақытқа бөлеген кеменгер Сталинге рахмет, — дейді бақытты ана.

— Біз жақсы оқыған үстіне-жақсы оқыймыз, — дейді үш бала жүздері жайнап.

Қ. МҰСАБЕКОВ

Таран ауданы, Қостанай облысы, Калинин атындағы жетіжылдық мектеп.




КРОССВОРД

Көлднен оқығанда

1. Казанның белгілі композитор — ақыны. 3. Совет Одағының батыр қызының аты. 5. Қашық. 6. Шахтадағы жұмыс орны. 8. «Сұлушаң» поэмасының бас кейіпкері. 10. Шет ел мемлекетінің астанасы. 12. Алтыр құс. 15. Уақыт өлшеуіші. 18. Мүше аты. 19. Қазақстандағы өзен. 20. Жарық беруші аспан. 21. Дәнді өсі.

24. Иісті ағаш. 25. Украинаның атасты ақынының аты. 26. Шок жұлдыз. 30. Кавказдағы өзен. 31. Жеміс. 33. Жас еткі. 34. Сахна өнерінің бір түрі. 35. Баспана. 38. Қалың ағаш. 41. Қазақ әні. 43. Қазақтың дүние жүзіне мәлім әншісі. 45. Су жүретін жол. 47. Су ортасындағы құрғақтық. 48. Конфеттің түрі. 49. Төсіл. 50. Салмақтық.



Тік оқығанда

1. Көк жипік. 2. Қазақстандағы өзен. 3. Қыйыр шығыстағы өзен. 4. Катты металдың түрі. 5. Әдепті. 7. «Чапаев» романының кейіпкері. 9. Жас мал. 11. Документ. 12. Бою түсі. 13. Тағы қаюан. 14. Совет Одағындағы пионер лагері. 15. Қазақ лиро-эпос жырының кейіпкері. 17. РСФСР-дағы облыс орталығы. 22. Батыс Қазақстандағы құм. 23. Өз атын шақыратын құс. 27. Аспан.

28. Қазақтың лиро-эпос жырының кейіпкері. 29. Жүз жыл. 30. Искусствоның жұртқа көп тараған түрі. 32. Адамға берілетін дәреже. 37. Европадағы өзен. 39. Одақтық республиканың астанасы. 40. Ғылым докторы атағын тұңғыш алған қазақ әйелінің аты. 41. Африкадағы жер иткі. 42. Оңтүстік қазақстандағы торапты станция. 44. Темір жолдағы бір сапар. 46. Катнас шаруашылығының құралы.

Жасаған З. Бейсенбаева.

Көсемге хат 1

Ғ. Мүсрелов—Алла-ұлы балашаң 2

А. Кононов—Сыкотьинкидегі бака 5

А. Кислицина—В. И. Ленин атындағы мектепте 6

Қ. Бейхожин.—Ленин туы (өзен) 8

Е. Сомпанбаев.—Ұят күшті (әңгіме) 9

М. Иманжанов.—Ауыл мұғалімі (повесть, жалғасы) 11

М. Маликов.—Жапар тас 13

С. Жауғиқов.—С. В. Ковалевская 15

Ә. Иманқұлов.—Мақұлбай (өлең) 16

Р. Бөленбаев.—Қытайдағы жаңа өмір 17

М. Маралдин.—Класс жетекшісі 18

Қ. Жармағамбетов—Жер, ақыл, шындық туралы баалада 19

Б. Сағмов.—«Бөбек жүреті» 20

Біздің пошта 22

Демалыс сағаттарында 24

Мұқабаның бірінші бетіндегі суретті салған Н. ЛЕБЕДЕВ.

Редколлегия мүшелері:


Т. Абдрахманов (жауапты редактор) К. Айманов, К. Баранов, Ә Бектұров, Х. Доспанов, Қ. Жармағамбетов, М. Иманжанов, М. Нұртазин, Ә. Сәрсенбаев.
Тех редактор Н. В. Бородихин.

Редакцияның адресі:

г. Алма-Ата, проспект Сталина 73
Редакция журналы «ПИОНЕР».

Подписано к печати 18/1—1950 г
УГО1214. Объем 3 п. л. Тираж 10.000


Гостипография № 3 Казполиграфиздата при Совете Министров КазССР
г. Алма-Ата. Заказ № 119



ҚЫСҚЫ ОЙЫНДАР

Қысты күні шаңғы, коньки теуіп жүріп, әр түрлі қызық ойындар ойнауға болады. Біздің журналдың осы ба-

тінде қысқы ойындардың бірнеше түрі көрсетілген. Қолбос уақытта бұл ойындарды өздерің ойнап қараңдар.



1. Екі бала бір шаңғыда тұрып төбеден құламай түседі. Артта тұрған бала алдыңғы баладан ұстап тұрады.

2. Бұл ойын «Мерген» деп аталады. Шаңғышы қыраттан ылдыйға қарай жүйткіп келе жатып, қардан соғылған нысананы қолындағы домалақтап алған қармен көздеп атады. Қолындағы үш қардың нысанаға ең кемі екеуін тигізуі тиіс.

3. Үш шаңғышы таудан қол ұстасып түседі. Жазық жерге жеткенше бірінен бірі ажырамаған үш шаңғышы бұл ойында жеңіп шығады.

4. Жас шаңғышы таудан сырғанап келе жатып, шаңғы таяқтарынан жасалған үш қақпаның астынан өтеді. Бұл ойынның негізгі шарты— шаңғышы қақпаның аркалығын қағып кетпеуі керек.

ЖАУАП

«Пионер» журналының 1949 жылы 10 санындағы «Он астананың» шешуі:


Москва, Ташкент, Алматы, Рига, Баку, Таллин, Ашхабад, Сталинабад, Петрозаводск, Ереван

Дұрыс шешуін бірінші жібергендер, Д. Сембекова (Жамбыл облысы), Ә. Нұртаев (Алматы облысы), Ә. Сабилов (Түркстан станциясы), М. Мұратханов (Семей қаласы), Н. Ақуов (Ақтөбе облысы), Н. Әбдіжолелова (Қарағанды облысы).

БІЗДІҢ ӘЗІЛ

Партаны жонып кездікпен,
Атын жазды Сапар деп,
Ойлады ол — мәңгілік
Атымды жұрт атар деп.

Атын ойып жазам деп,
Сапар қолын талдырды.
Жас күйінен достасқан
Партаның көңлін қалдырды.



Сара кеше шапамен
Ұзақ тепті сырғанақ,
Бүгін 5 тен 2 ге,
Құлап түсті сырғанап.



Балалардың бәрі де
Сүйеді шаңғы, шанасын,
Бірақ қанша ойнаудың,
Білуде шарт шамасын.

Тұрсынбек ЖАБАЕВ.